

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ «ҚАЗАҚ ТІЛІ»
ЖӘНЕ ӨЗГЕ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ОҚУ ПӘНДЕРІНЕН ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (05.09. 2024 ж. № 6 хаттама)

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және өзге тілде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінен емтихан нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 90 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдамада білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес меңгергендіктерін бағалау мақсатында 5-8, 10-сыныптарда өткізілген емтиханның нәтижесін талдау, қорытындысы бойынша олқылықтардың орнын толтыру жолдарын беру көзделеді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және өзге тілде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінен емтихан нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024.

КІРІСПЕ

Ағымдағы жылғы 27-31 мамыр аралығында 5-8 және 10-сынып білім алушылары қазақ тілінде оқытатын сыныптарда «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілдерде оқытатын сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша аралық емтихан тапсырды.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықта негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған емтихан нәтижелерінің талдауы ұсынылды. Бұл талдау 5-8, 10-сыныптарда өткізілген емтиханның нәтижелері негізінде жүргізілді және оның қорытындысы бойынша анықталған олқылықтардың орнын толтыруға арналған нақты ұсыныстар қамтылды.

Жинақ қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және өзге тілде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша емтихан нәтижелерін талдау арқылы әдістемелік ұсынымдарды жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының ақпараттары бойынша емтиханға қатысқан барлық білім алушылар саны – 1 518 563, оның ішінде қазақ тілінде оқытатын сыныптарда – 1 001 823, қазақ тілінен басқа тілде оқытатын сыныптарда – 516 740. Емтиханнан төмен баға алған үлгерімі жақсы оқушылар саны республика бойынша – 498, атап айтқанда: қазақ тілінде оқытатын сыныптарда – 262 (*5-сынып оқушылары - 50; 6-сынып оқушылары - 57; 7-сынып оқушылары - 40; 8-сынып оқушылары - 76; 10-сынып оқушылары - 39*), қазақ тілінен өзге тілде оқытатын сыныптарда – 236 (*5-сынып оқушылары - 41; 6-сынып оқушылары - 58; 7-сынып оқушылары - 45; 8-сынып оқушылары - 46; 10-сынып оқушылары - 46*).

Сонымен қатар, жинақта қазақ тілін меңгеру деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар анықталып, оларды жақсартуға арналған нақты әдістемелік кеңестер берілген. Бұл ұсыныстар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні пәндерін оқыту сапасын жоғарылатуға ықпал етеді.

Әдістемелік-талдау жинағы кіріспеден, емтихан нәтижелерін талдау бөлімінен, оқу пәндерінен емтихан нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен тұрады

1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ОҚУ ПӘНДЕРІНЕН ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілді.

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілді.

1. Аралық аттестаттау мақсаты - білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.

2. Аралық аттестаттаудың міндеті: білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

Негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;

2. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы.

3. Емтиханды өткізу талабы.

Емтихан қазақ тілінде өткізілді.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады (27-31 мамыр аралығында 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау уақытынан басқа уақытта өткізу ұсынылды).

Ерекше білім қажет ететін білім алушылар үшін педагогтің дайындаған жеке білім бағдарламасы мазмұнына сай емтихан тапсырмалары құрастырылды.

4. Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды аралық аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтыды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелерімен анықталды.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8, 10-сыныптарда өткізілетін

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау – негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде жоғарыда аталған пәндер бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырды.

5. Емтихан мазмұны: (үлгі бойынша педагог өзі дайындады)

«Қазақ тілі» пәні бойынша:

«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша рубрика

5-сынып

	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
Оқылым	Жалпы мазмұнын түсіну үшін оқиды, бірақ мәтіндегі нақты ақпаратты таба алмайды.	Жалпы мазмұнын түсініп оқиды, нақты ақпаратты жартылай табады.	Жалпы мазмұнын түсініп оқиды, нақты ақпаратты табады.
Жазылым	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап жазуда шатастырады, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда тақырыптан ауытқиды.	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтайды, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда тақырыпқа қатысты мәлімет толық емес немесе жартылай қарастырылады.	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін толық сақтайды, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады.
Әдеби тіл нормалары	Сөйлемді дұрыс құрмайды, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер (8-10) жібереді.	Сөйлем құрылысы дұрыс болғанымен, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер (5-7) жібереді.	Сөйлемдер логика-грамматикалық жағынан дұрыс құрылады, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік 1 қате жібереді.

6-сынып

	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
Оқылым	Комментарий жасауда тілдік құрылымдарды толық қолданбайды, ойын толық ашып айта алмайды, іріктеп, оқуда, рөлге бөліп оқуда 7-8 қате жібереді.	Комментарий жасауда тілдік құрылымдарды жартылай қолданады, іріктеп, рөлге бөліп оқуда 4-5 қате жібереді.	Комментарий жасауда тілдік құрылымдарды еркін қолданады іріктеп оқиды, рөлге бөліп оқиды.

Жазылым	Эссе тақырыбына қатысты мәліметтер толық сақтамайды, абзац түрлерін жүйелі құрастыра алмайды, өз ойын жеткізуде көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсете алмайды («келісу, келіспеу» эссесі). 5-6 грамматикалық қате жібереді.	Эссе тақырыбынан аздап ауытқиды, абзац түрлерін құрастырады, өз ойын жеткізуде көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсете алмайды («келісу, келіспеу» эссесі). Сөйлемді дұрыс құрай алады. Алайда сөйлемдер арасында логикалық бірізді байланыс жоқ.	Эссе тақырыбынан ауытқымайды, абзац түрлерін жүйелі құрастырады, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады («келісу, келіспеу» эссесі).
Әдеби тіл нормалары	Сөйлемдегі есімдіктің қызметін толық түсінбейді, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолданып, талдау жасауда 3-4 қате жібереді, етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдануда, үстеудің мағыналық түрлерін ажыратуда, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдануда 5-6 қате жібереді.	Сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсінеді, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолданып талдау жасауда 2-3 қате жібереді, етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдануда, үстеудің мағыналық түрлерін ажыратуда, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдануда 3-4 қате жібереді.	Сөйлемдегі есімдіктің қызметін толық түсінеді, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолданып, талдау жасайды, етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында еркін қолданады, үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдана алады.

7-сынып

	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
Оқылым	Оқылған мәтін мазмұнына комментарий жасауда ойын толық жеткізе алмайды, іріктеп оқуда 3-4 қате жібереді, зерттеп оқи алмайды.	Оқылған мәтін мазмұнына комментарий жасауда ойын жүйелі жеткізе алмайды, іріктеп оқуда, зерттеп оқуда 1-2 қате жібереді.	Оқылған мәтін мазмұнына комментарий жасауда ойын жүйелі жеткізеді, іріктеп оқиды, зерттеп оқуда өзіндік тұрғыдан шығармашылықпен жұмысты орындай біледі.
Жазылым	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтамайды, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің жолдарын оңтайлы шешуде өзіндік көзқарасы айқын емес. (дискуссивті эссе) 5-6 грамматикалық қате жібереді.	Эссе құрылымы мен даму желісін толық сақтамайды, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын білдіруде 1-2 қате жібереді.	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарына өз көзқарасын жазады.

Әдеби тіл нормалары	Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдануда шатастырады, еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын, шылау, одағай, оқшау сөздердің қызметін толық түсінбейді, сөйлем құрылымы, грамматикалық сауаттылығы өте төмен.	Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдануда 3-4 қателік жібереді, еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын, шылау, одағай, оқшау сөздердің қызметін толық түсінбейді, сөйлем құрылысы дұрыс болғанымен, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер (5-7) жібереді	Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолданады, еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын, шылау, одағай, оқшау сөздердің қызметін түсінеді, мағыналық жағынан ажырата алады.
----------------------------	---	--	--

8-сынып

	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
Оқылым	Оқылған мәтін мазмұнына комментарий жасауда ойын толық жеткізе алмайды, іріктеп оқуда 3-4 қате жібереді, зерттеп оқи алмайды.	Оқылған мәтін мазмұнына комментарий жасауда ойын жүйелі жеткізе алмайды, іріктеп оқуда, зерттеп оқуда 1-2 қате жібереді.	Оқылған мәтін мазмұнына комментарий жасауда ойын жүйелі жеткізеді, іріктеп оқиды, зерттеп оқуда өзіндік тұрғыдан шығармашылықпен жұмысты орындай біледі.
Жазылым	Эссенің құрылымы мен даму желісін сақтамайды, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыруда қиналады, өз ойын дәлелдеп (аргументативті эссе) жаза алмайды. 7-8 грамматикалық қате жібереді.	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтайды, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыруда, өз ойын дәлелдеп жазуда 4-5 қателіктер жібереді (аргументативті эссе).	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра, өз ойын дәлелдеп жазады (аргументативті эссе).

Әдеби тіл нормалары	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін толық меңгермеген, есімді, етістікті сөз тіркестерін қолдануда шатастырады, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің, сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелердің қызметін мәтінмен жұмыс жасауда толық қолдана алмайды, жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдануда сөйлем құрылымы, грамматикалық сауаттылығы өте төмен.	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді, етістікті сөз тіркестерін қолдануда шатастырады, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің, сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелердің қызметін мәтінмен жұмыс жасауда 1-2 қателіктер кездеседі, жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдануда сөйлем құрылымы дұрыс болғанымен, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер (3-4) жіберіледі	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді, етістікті сөз тіркестерін қолданады, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің, сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелердің қызметін мәтінмен жұмыс жасауда қолданады, жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады.
----------------------------	--	---	---

10-сынып ҚГБ

	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
Оқылым	Оқылым стратегияларын белгілі бір мақсат үшін қолдануда 5-6 қате жібереді.	Оқылым стратегияларын белгілі бір мақсат үшін қолдануда 2-3 қате жібереді.	Оқылым стратегияларын белгілі бір мақсат үшін қолдана алады. Ойын нақты, жүйелі жеткізеді.
Жазылым	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазуда 5-6 қате жібереді.	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазуда 3-4 қате жібереді.	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) жазады.
Әдеби тіл нормалары	Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды толық түсінбейді, қолдануда 5-6 қате жібереді.	Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды қолдануда 3-4 қате жібереді.	Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай біледі.

10-сынып ЖМБ

	Төмен көрсеткіш 1-2 балл	Орташа көрсеткіш 3-4 балл	Жоғары көрсеткіш 5 балл
--	--------------------------	---------------------------	-------------------------

Оқылым	Мәтіндегі негізгі ойды анықтауда, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдеуде 5-6 қате жібереді.	Мәтіндегі негізгі ойды анықтауда, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдеуде 3-4 қате жібереді.	Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей біледі.
Жазылым	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазуда 5-6 қате жібереді.	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазуда 3-4 қате жібереді.	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) жазады.
Әдеби тіл нормалары	Мәтінмен жұмыс жасау барысында сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтамайды, 5-6 қате жібереді.	Мәтінмен жұмыс жасау барысында сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтауда 3-4 қателік жібереді.	Мәтінмен жұмыс жасау барысында сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай біледі.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша: (үлгі бойынша педагог өзі дайындайды)

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша рубрика

5-сынып

	Төмен деңгей 1-2 балл	Орта деңгей 3-4 балл	Жоғары деңгей 5 балл
Тыңдалым	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға қысқа жауап береді	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға орташа жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға толық жауап беру
Айтылым	берілген сұрақты дұрыс түсініп, қысқа жауап беру, шағын диалогке қатысу	берілген сұрақты дұрыс түсініп, орташа жауап беру, шағын диалогке қатысу	берілген сұрақты дұрыс түсініп, ашық сұрақтарға толық жауап беру, шағын диалогке қатысу
Оқылым	Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармалардың мазмұнын толық түсінбейді. Шығарма тақырыбын анықтай алмайды.	Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармалардың жалпы мазмұнын түсінеді, тақырыбын анықтауда қателеседі. Өз ойын орташа деңгейде жеткізе алады.	Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармалардың мазмұнын түсінеді, тақырыбын анықтайды.
Жазылым	Эссе құрылымын сақтамайды, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттауда сөздерді орынсыз қолданады. 4-5 грамматикалық қате жібереді.	Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазуда 1-2 қателіктер жібереді.	Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады.

Тілдік бағдар:	Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі, жазба, ауызша жұмыстарда 4-5 қате жібереді.	Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі, жазба, ауызша жұмыстарда елеусіз 2-3 қате жібереді.	Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі, жазба, ауызша жұмыстарда еркін қолданады.
-----------------------	---	--	---

6-сынып

	Төмен деңгей 1-2 балл	Орта деңгей 3-4 балл	Жоғары деңгей 5 балл
Тыңдалым	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып қысқа жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып орташа жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып толық жауап беру
Айтылым	коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, 1-2 сөзбен ойларын толықтырып отыру	коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, 4-5 сөзбен ойларын толықтырып отыру	коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын еркін айту
Оқылым	Орта көлемді шығармаларды түсінеді, тақырыбы мен негізгі ойды анықтауда қиналады.	Орта көлемді шығармаларды түсінеді, тақырыбы мен негізгі ойды анықтауда қателеседі.	орта көлемді шығармаларды түсінеді, тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды
Жазылым	Эссе тақырыбына қатысты мәлімет толық емес немесе жартылай ғана қарастырылған. 4-5 грамматикалық қате кеткен. Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық сөздік қоры шектеулі.	Эссе тақырыбының желісі сақталғанымен, әрбір абзацтағы жүйе сақталмайды, қажетті мазмұнды толық аша алмайды. 2-3 грамматикалық қате бар. Өз ойын орташа деңгейде жеткізу қабілеттілігін көрсетеді	Эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын толық ашып жазылған.
Тілдік бағдар	Лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажыратуда. жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдануда қиналады. 4-5 грамматикалық қате жібереді.	Лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі, бірақ жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдануда 1-2 қателіктер жібереді.	лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолданады.

7-сынып

	Төмен деңгей 1-2 балл	Орта деңгей 3-4 балл	Жоғары деңгей 5 балл
--	-----------------------	----------------------	----------------------

Тыңдалым	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікіріне қысқа жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып толық жауап беру
Айтылым	диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын толық ауыстыра алмау	диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын ауыстыру	диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру
Оқылым	Прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс -әрекетін немесе лирикалық кейіпкердің образын талдауда 4-5 қате жібереді.	Прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс -әрекетін немесе лирикалық кейіпкердің образын талдауда 1-2 қате жібереді.	Прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына талдау жасайды.
Жазылым	Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша «келісу/келіспеу» себептерін айқын көрсете алмайды. 4-5 грамматикалық қате жібереді.	Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша «келісу/келіспеу» себептерін көрсетуде 1-2 қате жібереді.	Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша «келісу/келіспеу» себептерін айқын көрсетіп жазады.
Тілдік бағдар	Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін толық меңгермеген, жазба, ауызша 5-6 қате жібереді.	Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін түсінеді, жазба, ауызша жұмыстарда қолдануда 2-3 қате жібереді.	Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін біледі, жазба, ауызша жұмыстарда қолданады.

8-сынып

	Төмен деңгей 1-2 балл	Орта деңгей 3-4 балл	Жоғары деңгей 5 балл
Тыңдалым	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру	тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, нақты дәлелді жауап беру
Айтылым	пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға қысқа жауап беру	пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға жауап беру	пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру

Оқылым	Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтауда, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беруде 4-5 қате жібереді.	прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтауда баяу жұмыс жасайды, кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беруде 1-2 қателік жібереді.	Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтайды, кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына толық баға береді.
Жазылым	Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынуға қиналады.	эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынуда қателіктер жібереді.	эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынады.
Тілдік бағдар	Болжалдық және бөлшектік сан есімдерді, еліктеу сөздерді, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін, күшейткіш үстеулерді, демеулік шылаулардың қызметі бойынша ауызша және жазбаша жұмыстарда 4-5 қате жібереді.	Болжалдық және бөлшектік сан есімдерді, еліктеу сөздерді, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін, күшейткіш үстеулерді, демеулік шылаулардың қызметі бойынша ауызша және жазбаша жұмыстарда 2-3 қате жібереді.	Болжалдық және бөлшектік сан есімдерді, еліктеу сөздерді, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін, күшейткіш үстеулерді, демеулік шылаулардың қызметі бойынша ауызша және жазбаша жұмыстарда қате жібермейді.

10-сынып

	Төмен деңгей 1-2 балл	Орта деңгей 3-4 балл	Жоғары деңгей 5 балл
Тыңдалым	10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын 1-2 сөйлеммен дәлелдеу	10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын дәлелдеу	10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу
Айтылым	10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда қателіктер жіберу	10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда қолдану	10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану

Оқылым	Әдеби шығармада көтерілген қоғамдық талдауда кейіпкерлерді өмірмен бағалауда	Әдеби шығармада көтерілген қоғамдық талдайды, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалауда 1-2 қате жібереді.	Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалай алады.
Жазылым	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазуда 4-5 қате жібереді.	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазуда 1-2 қателік жібереді.	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) эссе жазады.
Тілдік бағдар	Тәуелдік, көптік жалғауларды қолдана алады, мәтін құрауда сын есімді, сан есімді, есімдік, есімші, үстеу, шылауларды қолдануда 4-5 қате жібереді.	Тәуелдік, көптік жалғауларды дұрыс қолданады, мәтін құрауда сын есімді, сан есімді, есімдік, есімші, үстеу, шылауларды қолдануда 1-2 қате жібереді.	Тәуелдік, көптік жалғауларды дұрыс қолданады, мәтін құрауда сын есімді, сан есімді, есімдік, есімші, үстеу, шылауларды орынды қолданады.

6. Аралық аттестаттау тапсырмасы мазмұнының сипаттамасы

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушының оқу үлгерімін тексеруге берілген мәтін саны, эссе тақырыптарының саны – 4.

Сөз саны кесте бойынша көрсетілген.

р/с	Сыныбы	Сөз саны (Қазақ тілі)	Сөз саны (Қазақ тілі мен әдебиеті)
1	5	100-110	80-90
2	6	110-120	90-100
3	7	120-130	100-110
4	8	130-140	110-120
5	10 (ҚГБ, ЖМБ)	140-150	120-130

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен эссе жазуда тапсырмалардың мазмұны ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, проблемалық сұрақтар құрастыру, түрлі дереккөздерден ақпарат ала білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға құрылған.

7. Эсседегі тапсырмалардың қиындығы: әр сыныптың жас ерекшелігіне сай берілген.

8. Білімді тексеру тапсырмасының формасы: (тыңдалым, айтылым)

оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазу

9. Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты: орындау уақыты – 180 минутты құрайды. Жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

10. Білімді тексеру тапсырмалары мен жалпы жұмысты бағалау:

Критериалды бағалау жүйесімен байланысы білім алушыларды аралық аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады. Дұрыс орындалған тапсырма үшін білім алушы жиынтық балл (5 балл) жинайды.

11. Аралық аттестаттау тапсырмаларының үлгілері

(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)

5-сынып.

1) Оқылым. (1 балл)

1-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, нақты ақпараттарды табады.

2-тапсырма. Мәтіндегі нақты ақпараттармен мәтінді мазмұндау жоспарын құрады.

«Саяхатты бала күнімнен бастадым. Алғашқы әскери дайындық деген пәннен Нұрлан деген ағайым балаларды тауға алып шығатын. 5-6-сыныптан бастап тауға шыға бастадым. Саяхатқа деген қызығушылық солай оянды. 2015 жылы алғаш рет шетелге шықтым. 25 жасымда алғаш ұшаққа міндім. Иссапармен Түркияға барып келдім.

«Саяхатқа көп ақша керек» деп ойлады. Саяхат деген «міндетті түрде шетелге бару, ұшақпен ұшу» деп түсіндім. Мен сияқты көп адам саяхаттау «міндетті түрде шетелді көру» деп ойлайды. Бірақ саяхаттау туған жеріңді аралаудан басталатынын түсіндім.

Жасым 30-ға таяған шағымда 5 елді көргенмін, бірақ өзімнің ауылымның жанында тұрған Көлсайды көрмеппін. Кейбір адамдар сонау алыс шетелдерден Көлсайды көру үшін келеді. Дәл солай Алматыда тұрып, Медеуге бармағандар қаншама?! Алматыда тұрып, Көктөбеге шықпайтындар бар. Алматының маңында әдемі жер көп. Шарынға бармаған, Көкжайлауға шықпаған адам көп. Ұлытауда тұрып, Жошының кесенесін көрмегендер бар. Астанада тұрып, Көкшетауға, Бурабайға бармағандар бар. Шығыс Қазақстанда, Өскеменде тұрып, Катон-Қарағайды көрмегендер бар. Айта берсең көп.

Алыс шетелді аңсау міндет емес. Саяхат деген туған жерді аралаудан басталады. Туған жердің кереметтерін танып алсаң, алыс шетел туралы ойлана бер.

(Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/basty-zhaalytar-438/84063/>)

Тапсырманы орындау.

Нақты ақпараттар: саяхатқа қызығушылықтың оянуы бала кездегі тауға шығудан басталған. Саяхатқа шығуды шетел көру деп ойлаған. 30-ға жас келгенде іргесіндегі Көлсайды көрмей, 5 шет елді көргенін түсінген. Туған жерді аралау әлем танудың (саяхаттың) басы деп бағалаған.

Мазмұндау жоспары:

1. Нұрлан ағаймен тауға шығу
2. Саяхаттауға қызығушылықтың оянуы

3. Алғаш ұшаққа міну
4. «Саяхатты шетел көру» деп ойлау
5. 5 шет елді көріп, Көлсайды көрмеу
6. Саяхатты туған жерден бастау

2) Жазылым. (3 балл)

«Табиғатқа саяхат туған жерді танудан басталсын» тақырыбында кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін қамтып, лексика-грамматикалық нормаларды сақтай отырып, оқылым мәтініндегі оқиганы сипаттап немесе кейіпкерді суреттеп эссе жазады.

Үлгі:

Саяхаттың табиғатқа, тарихи орындарға, теңізге, су астына сияқты алуан түрі бар. Ол саяхатшының қызығушылығына байланысты. Саяхаттаумен туған жерін жақсы таныған адам өзге елді танып, мәдениетін үйреніп, дүниетанымын кеңейте алады.

Ал мен табиғатқа саяхаттауды жақсы көремін. Қалың орман, құстар үні, кең дала, жәндіктердің әрекеттері мені қызықтырады. Мәтіндегі кейіпкер Көлсайдың маңында тұрса да, Қазақстанның көптеген ғажайыптарын көзімен көрмеген. Сондықтан мен кейіпкердің қателігін қайталамай, өз айналамдағы ғажайыптарды түгел көріп шығуды мақсат етемін.

Қорыта келе айтарым, ақшаң болса, шетелге саяхаттай ғой. Алайда кейіпкерім айтқандай, «Саяхат деген туған жерді аралаудан басталады». Сол себепті мен туған жерімнің кереметтерін танып алып барып, алыс шетел туралы ойланатын боламын. (100 сөз)

3) Әдеби тіл нормалары (1 балл). зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.

Эссе мәтінінен бір зат есімді алып, септік жалғаулары арқылы түрлендіріп көрсет.

Жауап үлгісі:

А. саяхат - не?

І. саяхаттың - ненің?

Б. саяхатқа - неге? қайда?

Т. саяхатты - нені?

Ж. саяхатта - неде? қайда?

Ш. саяхаттан - неден? қайдан?

К. саяхатпен - немен? қалай?

12. Аралық аттестаттау тапсырмаларының үлгілері

(оқыту өзге тілдегі сыныптар үшін)

5-сынып.

1) Тыңдалым. Мәтін тыңдап, сұрақтарға жауап береді (0,5 балл).

2) Айтылым. Тыңдаған мәтін бойынша диалогқа түседі (0,5 балл).

3) Оқылым. (1 балл)

1-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, нақты ақпараттарды табады.

2-тапсырма. Мәтіндегі нақты ақпараттармен мәтінді мазмұндау жоспарын құрады.

«Саяхатты бала күнімнен бастадым. Алғашқы әскери дайындық деген пәннен Нұрлан деген ағайым балаларды тауға алып шығатын. 5-6-сыныптан бастап тауға шыға бастадым. Саяхатқа деген қызығушылық солай оянды. 2015 жылы алғаш рет шетелге шықтым. 25 жасымда алғаш ұшаққа міндім. Иссапармен Түркияға барып келдім.

«Саяхатқа көп ақша керек» деп ойлады. Саяхат деген «міндетті түрде шетелге бару, ұшақпен ұшу» деп түсіндім. Мен сияқты көп адам саяхаттау «міндетті түрде шетелді көру» деп ойлайды. Бірақ саяхаттау туған жерінді аралаудан басталатынын түсіндім.

Жасым 30-ға таяған шағымда 5 елді көргенмін, бірақ өзімнің ауылымның жанында тұрған Көлсайды көрмеппін. Кейбір адамдар сонау алыс шетелдерден Көлсайды көру үшін келеді. Дәл солай Алматыда тұрып, Медеуге бармағандар қаншама?! Алматыда тұрып, Көктөбеге шықпайтындар бар. Алматының маңында әдемі жер көп. Шарынға бармаған, Көкжайлауға шықпаған адам көп. Ұлытауда тұрып, Жошының кесенесін көрмегендер бар. Астанада тұрып, Көкшетауға, Бурабайға бармағандар бар. Шығыс Қазақстанда, Өскеменде тұрып, Катон-Қарағайды көрмегендер бар. Айта берсең көп.

Алыс шетелді аңсау міндет емес. Саяхат деген туған жерді аралаудан басталады. Туған жердің кереметтерін танып алсаң, алыс шетел туралы ойлана бер.

(Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/basty-zhaalytar-438/84063/>)

Тапсырманы орындау.

Нақты ақпараттар: саяхатқа қызығушылықтың оянуы бала кездегі тауға шығудан басталған. Саяхатқа шығуды шетел көру деп ойлаған. 30-ға жас келгенде іргесіндегі Көлсайды көрмей, 5 шет елді көргенін түсінген. Туған жерді аралау әлем танудың (саяхаттың) басы деп бағалаған.

Мазмұндау жоспары:

1. Нұрлан ағаймен тауға шығу
2. Саяхаттауға қызығушылықтың оянуы
3. Алғаш ұшаққа міну
4. «Саяхатты шетел көру» деп ойлау
5. 5 шет елді көріп, Көлсайды көрмеу
6. Саяхатты туған жерден бастау

4) Жазылым. (2 балл)

«Табиғатқа саяхат туған жерді танудан басталсын» тақырыбында кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін қамтып, лексика-грамматикалық нормаларды сақтай отырып, оқылым мәтініндегі оқиганы сипаттап немесе кейіпкерді суреттеп эссе жазады.

Үлгі:

Саяхаттың табиғатқа, тарихи орындарға, теңізге, су астына сияқты алуан түрі бар. Ол саяхатшының қызығушылығына байланысты. Саяхаттаумен туған жерін таныған адам өзге елдің мәдениетін үйреніп, дүниетанымын кеңейтеді.

Мен табиғатқа саяхаттауды жақсы көремін. Қалың орман, құстар, кең дала, жәндіктердің әрекеттері қызықтырады. Мәтіндегі кейіпкер Көлсайдың маңында тұрса да, Қазақстанның ғажайыптарын көзімен көрмеген. Сондықтан мен

кейіпкердің қателігін қайталамай, айналамдағы ғажайыптарды түгел көріп шығуды мақсат етемін.

Қорыта келе айтарым, ақшаң болса, шетелге саяхатта. Алайда кейіпкерім айтқандай, «Саяхат деген туған жерді аралаудан басталады». Сол себепті туған жерімнің кереметтерін танып алып барып, алыс шетел туралы ойланатын боламын. (90 сөз)

5) Әдеби тіл нормалары (1 балл). зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.

Эссе мәтінінен бір зат есімді алып, септік жалғаулары арқылы түрлендіріп көрсет.

Жауап үлгісі:

А. саяхат - не?

І. саяхаттың - ненің?

Б. саяхатқа - неге? қайда?

Т. саяхатты - нені?

Ж. саяхатта - неде? қайда?

Ш. саяхаттан - неден? қайдан?

К. саяхатпен - немен? қалай?

13. Бағалау критерийлері:

(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)

Оқу дағдысы	Бағалау критерийлері	Тапсырма реті	Дескриптор	Балл
Оқылым	Берілген мәтіннен нақты ақпаратты табады және мазмұндау жоспарын құрастырады.	2	- әр абзацтан нақты ақпараттарды тауып жазады (0,5 балл); - мазмұндау жоспарын құрастырады (0,5 балл).	1
Жазылым	- эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап, өзіне таныс оқиға немесе кейіпкерді сипаттап не суреттеп эссе жазады. -жазылым мәтінін орфографиялық және пунктуациялық нормаға сай жазады.	3	-эссенің құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтап жазады (1 балл); -мәтіндегі оқиғаны (кейіпкерді) сипаттап не суреттеп мазмұнын толық ашады (1 балл); -орфографиялық, пунктуациялық нормаға сай жазады (1 балл).	3
Әдеби тілдің нормалары	Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.	1	-мәтіннен зат есім сөзді табады (0,25 балл); -әр септіктің жалғауын дұрыс қолданады (0,25 балл); - сауатты жазады (0,25 балл); -сұрақтарын қояды (0,25 балл).	1

(оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптар үшін)

Оқу	Бағалау	Тапсырма	Дескриптор	Балл
-----	---------	----------	------------	------

дағдысы	критерийлері	ма реті		
Тыңдалым	Мәтін тыңдап, сұрақтарға жауап береді	1	- сұрақтарға жауап береді;	0,5
Айтылым	Тыңдаған мәтін бойынша диалогқа түседі	1	- жұбымен жұмыс жасайды;	0,5
Оқылым	Берілген мәтіннен нақты ақпаратты табады және мазмұндау жоспарын құрастырады.	2	- Әр абзацтан нақты ақпараттарды тауып жазады (0,5 балл); - мазмұндау жоспарын құрастырады (0,5 балл).	1
Жазылым	- эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап, өзіне таныс оқиға немесе кейіпкерді сипаттап не суреттеп эссе жазады. - жазылым мәтінін орфографиялық және пунктуациялық нормаға сай жазады.	3	-эссенің құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтап жазады (0,5 балл); -мәтіндегі оқиғаны (кейіпкерді) сипаттап не суреттеп мазмұнын толық ашады (1 балл); -орфографиялық, пунктуациялық нормаға сай жазады (0,5 балл).	2
Әдеби тілдің нормалары	Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.	1	- мәтіннен зат есім сөзді табады (0,25 балл); - әр септіктің жалғауын дұрыс қолданады (0,25 балл); - сауатты жазады (0,25 балл); - сұрақтарын қояды (0,25 балл).	1

14. Емтиханды өткізу қадамдары:

1) аудио мәтінді тыңдай отырып орындалған тапсырмалардың нәтижесі арқылы білім алушының тыңдалым дағдысы тексеріледі (өзге тілде оқытатын сыныптар үшін);

2) айтылым дағдысы бойынша білім алушыға тапсырмалар беріледі (өзге тілде оқытатын сыныптар үшін);

3) оқылым бойынша білім алушыға дайын мәтін беріледі (қазақ және өзге тілдерде оқытатын);

4) жазылым дағдысы бойынша білім алушы эссе жазады (оқылым бойынша берілетін мәтін мазмұны мен эссе тақырыбы бір-бірімен байланысты болу керек (қазақ және өзге тілдерде оқытатын);

5) эссе мәтініне грамматикалық талдау (ішінара дайындалған тапсырма бойынша) жасайды.

4. Күнделікке емтихан бағасын қою кезінде 30 балдық жүйеге ауыстырылады.

5. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар дәрігердің анықтамасы болған жағдайда (емтиханнан босату туралы) емтиханнан босатылады.

6. Емтихан аяқталғаннан кейін берілген кестелерді толтырады, талдау

жасайды. Білім алушылардың білім сапасының көрсеткішін анықтайды. Жаңа оқу жылында білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында жұмыс жасауда емтиханның қорытынды нәтижелері басшылыққа алынады.

7. Емтиханның аяқталу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сай хаттама толтырылады.

15. Аймақтар бойынша байқау емтиханының қорытындыларына талдау жасау

Қызылорда қаласы бойынша:

I. Емтиханға қатысқан бес қазақ мектебінің (Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі, Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектебі, Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп лицейі, Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі, Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектеп) білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	900	892	8
6-сыныптар бойынша	762	758	4
7-сыныптар бойынша	700	699	1
8-сыныптар бойынша	699	686	13
10-сыныптар бойынша	336	332	4
ЖАЛПЫ	3397	3367	30

Қызылорда қаласының бес мектебінде (Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі, Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектебі, Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп лицейі, Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі, Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектеп) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 3397 (үш мың үш жүз тоқсан жеті) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 3367 (үш мың үш жүз алпыс жеті). 30 білім алушының 29 (жиырма тоғызы) денсаулығына байланысты қатыспады, оның ішінде 10 (оны) үйден білім алатындар, 1-еуі спорттық жарысқа қатысуына байланысты босатылды.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 900 (тоғыз жүз) білім алушының 892 (сегіз жүз тоқсан екісі) қатысып, 8-і жоғарыда көрсетілген себептермен қатыспады. 6-сынып бойынша 762 (жеті жүз алпыс екі) білім алушының 758-і (жеті жүз елу сегізі) қатысты, қатыспағаны - 4. 7-сыныптар бойынша 700 (жеті жүз)білім алушының 699 (алты жүз тоқсан тоғызы) қатысып, 1-еуі (бір) қатыспады. 8-сынып бойынша 699 (алты жүз тоқсан тоғыз) білім алушының 686-ы (алты жүз сексен алтысы) қатысып, 13-і қатыспады. 10-сынып бойынша 336 (үш жүз отыз алты) білім алушының 332 (үш жүз отыз екісі)

қатысты. 4-қатыспады.


1-кесте - Емтихан тізімдемесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	892	-	279	329	284
6-сыныптар бойынша	758	-	245	293	220
7-сыныптар бойынша	699	-	226	285	188
8-сыныптар бойынша	686	-	208	310	168
10-сыныптар бойынша	332	-	47	150	135
ЖАЛПЫ	3367	-	1005	1367	995

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 3367 (үш мың үш жүз алпыс жеті) білім алушының 1005-і (бір мың бесі) 3 балл, 1367 (бір мың үш жүз алпыс жетісі) 4 балл, 995 (тоғыз жүз тоқсан бесі) 5 балл алды.

2-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	892					68	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	758					68	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	699					68	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	686					70	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	332					86	100
Барлығы	3367					70	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 892 (сегіз жүз тоқсан екі) білім алушының сапа көрсеткіші -68 пайыз; 6-сынып бойынша 758 (жеті жүз елу сегіз) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 68 пайызды құрады; 7-сыныпта 699 (алты жүз тоқсан тоғыз) білім алушының сапа көрсеткіші-68 пайыз; 8-сыныпта 686 (алты жүз сексен алты) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 70 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 332 (үш жүз отыз екі) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 86 пайызды құрады.

Бес мектептің көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 3367 (үш мың үш жүз алпыс жеті) білім алушының білім сапасы 70 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан кезінде қиындық келтірген мәселелер:

5-сынып бойынша:

5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу оқу мақсаты бойынша тапсырмалар құрастырылған. Ол тапсырмаларды орындауда жекелеген оқушылар оқылым тапсырмасындағы мәтінді мазмұндау жоспарын құруда қателік жіберген. Жазылым тапсырмасында жинақы мәтіннің құрылымын сақтамаған. Білім алушылардың көбі эссенің құрылымын сақтамайды. Жазылым дағдысы бойынша дискуссивті эссе жазуда грамматикалық қателер жіберілген. Нақты ақпараттар жазуда қиналады, жүйелі жеткізуде, пунктуациясында грамматикалық талдау жасауда қателер кездеседі.

Әдеби тіл нормалары бойынша кейбір талдау жұмыстарында сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата алмаған. Үстеудің мағыналық түрлерін ажыратуда, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдануда мәселелер туындаған. Сөйлем мүшелерінің орнын, қызметін түсінбеген.

6-сынып бойынша:

6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану оқу мақсатына құрылған тапсырмаларлы орындауда грамматикалық қателер орын алған. Сөйлем мүшелерінің орнын, қызметін түсінбеген. ЭТН бойынша құрылған тапсырмаларда сын есімді тауып, шырай түрлеріне ажыратуда қате жіберілген.

Жазылым тапсырмасында жинақы мәтіннің құрылымын сақтамаған. Жазылым дағдысы бойынша дискуссивті эссе жазуда жекелеген оқушылардың тақырыптың мазмұнын ашуы жеткіліксіз. Нақты ақпараттарды жазуда қиналады, граматикалық талдау жасауда қателер жіберген.

Әдеби тіл нормалары бойынша кейбір талдау жұмыстарында қателіктер кездеседі.

7-сынып бойынша:

7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;

7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе) оқу мақсаттарын басшылыққа алып дайындалған тапсырмаларды орындау барысында грамматикалық қателер орын алған. Мысалы: етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдануда, кейбір білім алушылар шылау, одағай түрлерін ажыратуда тапсырманы толық орындай алмаған. Сөйлем мүшелерінің орнын, қызметін түсінбеген. Жазылым тапсырмасында жинақы мәтіннің құрылымын сақтамаған.

8-сынып бойынша:

8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану;

8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу оқу мақсаттарына құрылған тапсырмаларды орындау барысында берілген сөз тіркестерін байланысу тәсілі мен байланысу түрлеріне қарай талдауда кейбір оқушылар қателіктер жіберген. Жай сөйлемдерді құрылымдық түрлеріне қарай сәйкестендіре алмаған. Сөйлем мүшелерінің орнын, қызметін түсінбеген. Жазылым тапсырмасында жинақы мәтіннің құрылымын сақтамаған.

10-сынып бойынша:

10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу оқу мақсаты бойынша тапсырмалар құрастырылған.

Жекелеген оқушылар мәтіндегі негізгі ойды анықтауда, көтерілген мәселеге баға беруде қателіктер жіберген.

II. Орыс сыныптары бойынша Қызылорда қаласының үш мектебінің (№8 П.Д.Осипенко мектебі, №176 орта мектебі, Ж.Нұрманов атындағы 198 орта мектебі) көрсеткіштері талданды, білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	386	383	3
6-сыныптар бойынша	422	419	3
7-сыныптар бойынша	349	347	2
8-сыныптар бойынша	364	360	4
10-сыныптар бойынша	189	188	1
ЖАЛПЫ	1710	1697	13

Қызылорда қаласының үш мектебінде (№8 П.Д.Осипенко мектебі, №176 орта мектебі, Ж.Нұрманов атындағы 198 орта мектебі) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 1710 (бір мың жеті жүз он) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 1697 (бір мың алты жүз тоқсан жеті). 13 (он үш) білім алушы денсаулығына байланысты қатыспаған.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 386 (үш жүз сексен алты) білім алушының 383 (үш жүз сексен үші) қатысып, 3-і жоғарыда көрсетілмен себептермен қатыспады. 6-сынып бойынша 422 (төрт жүз жиырма екі) білім алушының 419-ы (төрт жүз он тоғызы) қатысты, қатыспағаны - 3. 7-сыныптар бойынша 349 (үш жүз қырық тоғыз) білім алушының 347 (үш жүз қырық жетісі) қатысып, 2-еуі (екі) қатыспады. 8-сынып бойынша 364 (үш жүз алпыс төрт) білім алушының 360-ы (үш жүз алпысы) қатысып, 4-і қатыспады. 10-сынып бойынша 189 (бір жүз сексен тоғыз) білім алушының 188 (бір жүз сексен сегізі) қатысты. 1-қатыспады.


3-кесте - Емтихан тізімдемесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	383	-	94	150	139
6-сыныптар бойынша	419	-	125	169	125
7-сыныптар бойынша	347	-	101	141	105
8-сыныптар бойынша	360	-	118	151	91
10-сыныптар бойынша	188	-	35	83	70
ЖАЛПЫ	1697	-	473	694	530

Жоғарыда аталған үш мектептен қатысқан 1697 (бір мың алты жүз тоқсан жеті) білім алушының 473-і (төрт жүз жетпіс үші) 3 балл, 694 (алты жүз тоқсан төрт) 4 балл, 530 (бес жүз отызы) 5 балл алды.

4-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	383					75	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	419					70	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	347					71	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	360					67	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	188					81	100
Барлығы	1697					72	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 383 (үш жүз сексен үш) білім алушының сапа көрсеткіші -75 пайыз; 6-сынып бойынша 419 (төрт жүз он тоғыз) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 70 пайызды құрады; 7-сыныпта 347 (үш жүз қырық жеті) білім алушының сапа көрсеткіші-71 пайыз; 8-сыныпта 360 (үш жүз алпыс) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 67 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 188 (бір жүз сексен сегіз) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 81 пайызды құрады.

Үш мектеп көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 1697 (бір мың алты жүз тоқсан жеті) білім алушының білім сапасының көрсеткіші 70 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан кезінде қиындық келтірген мәселелер:

5-сынып бойынша:

5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау;

5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану оқу мақсаттарына құрылған тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтап, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе кейіпкердің образына баға беруде қиналды.

6-сынып бойынша:

6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазуда білім алушылар қиналды.

6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беруде сөздік қордың аздығы қиындық келтірді.

7-сынып бойынша:

7.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау;

7.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану оқу мақсаттарымен жұмыс істеуде білім алушылардан әлі де оқу керектігі байқалды.

8-сынып бойынша:

8.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің образына баға беруде сөздік қордың аздығы байқалды.

8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну;

Эссе жазуда құрылымын сақтамайтындықтары байқалды, тақырыпқа байланысты мәселені шешу жолдарын көрсетуде білімдерінің толық жетпейтіндіктерін байқады.

10-сынып бойынша:

10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп жазу (келісу, келіспеу эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) оқу мақсатын басшылыққа алып дайындалған тапсырманы орындауда әлі де іздену керектігі байқалды.

Павлодар қаласы бойынша:

I. Емтиханға қатысқан бес қазақ мектебінің («Жас дарын» мамандандырылған лицей-мектебі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №35 жалпы орта білім беру мектебі» КММ, «Ақтоғай ауданының Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі», «Садуақас Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі») білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	210	209	1
6-сыныптар бойынша	213	213	-
7-сыныптар бойынша	192	192	-
8-сыныптар бойынша	174	174	-
10-сыныптар бойынша	161	159	2
ЖАЛПЫ	950	947	3

Павлодар қаласының бес мектебінен («Жас дарын» мамандандырылған лицей-мектебі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №35 жалпы орта білім беру мектебі» КММ, «Ақтоғай ауданының Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі», «Садуақас Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»)

5-8,10-сынып бойынша барлығы 950 (тоғыз жүз елу) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 947 (тоғыз жүз қырық жеті). 3 (үш) білім алушы денсаулығына байланысты қатыспаған.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 210 (екі жүз он) білім алушының 209 (екі жүз тоғыз) қатысып, 1-і денсаулығына байланысты қатыспады. 6-сынып бойынша 213 (екі жүз он үш) білім алушының барлығы толық қатысты, 7-сыныптар бойынша 192 (бір жүз тоқсан екі) білім алушы толық қатысты, 8-сынып бойынша 174 (бір жүз жетпіс төрт) білім алушы толық қатысты, 10-сынып бойынша 161 (бір жүз алпыс бір) білім алушының 159 (бір жүз елу тоғыз) қатысты. 2-і денсаулығына байланысты қатыспады.

1-кесте - Емтихан тізімдемесі


Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	209	-	24	94	91
6-сыныптар бойынша	213	-	31	93	89
7-сыныптар	192	-	16	107	69

бойынша					
8-сыныптар бойынша	174	-	19	77	78
10-сыныптар бойынша	159	-	7	78	74
ЖАЛПЫ	947	-	97	449	401

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 947 (тоғыз жүз қырық жеті) білім алушының 97-і (тоқсан жетісі) 3 балл, 449 (төрт жүз қырық тоғызы) 4 балл, 401 (төрт жүз бірі) 5 балл алды.

2-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	209					91	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	213					89	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	192					92	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	174					89	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	159					96	100
Барлығы	947					90	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 209 (екі жүз тоғыз) білім алушының сапа көрсеткіші -91 пайыз; 6-сынып бойынша 213 (екі жүз он үш) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 89 пайызды құрады; 7-сыныпта 192 (жүз тоқсан екі) білім алушының сапа көрсеткіші-92 пайыз; 8-сыныпта 174 (жүз жетпіс төрт) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 89 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 159 (бір жүз елу тоғыз) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 96 пайызды құрады.

Бес мектеп көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 947 (тоғыз жүз қырық жеті) білім алушының білім сапасының көрсеткіші 90 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан кезінде әр дағды бойынша әзірленген тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға қиындық келтірген мәселелер:

5-сынып бойынша:

- Жазылым бойынша білім алушылардың сөздік қорының аздығы.
- Эссе мәтінінде сын есімді қолдануда.
- Орфографиялық қателіктер кездеседі (жалғау, жұрнақтарды ажыратуда).
- Эссенің негізгі бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап немесе суреттеп жазуда.

6-сынып бойынша:

- Сөз таптарын ажыратуда.
- Эссе тақырыбын анықтау барысында.
- Үстеу түрлерін ажыратуда.
- Эссе жазуда орфографиялық және пунктуациялық қателер бар.
- Абзац түрлерін жүйелі құрастыру қиындық тудырды.
- Эсседе көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазуда.

7-сынып бойынша:

- Жалғауларды қолдануда.
- Сөйлем ішінде айқындауыш мүшелерді қолдану.
- Эссе жазуда оңтайлы шешу жолдары мен себептерін көрсетуде өз көзқарасын білдіруде.
- Эссе тақырыбына байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу себептеріне өз көзқарасын жазуда.

8-сынып бойынша:

- Айтылым дағдысы бойынша оқушылардың сөз саптауында.
- Орфоэпиялық қателер кездеседі.
- Сөйлем ішінде айқындауыш мүшелерді қолдануда.
- Эссе құрылымының артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыруда, өз ойын дәлелдеп жазуда.
- Өз ойын дәлелді жазуда орфографиялық қателіктер бар.
- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған

шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыруда, өз ойын дәлелдеп жазуда.

10-сынып бойынша:

- Кейбір орфографиялық қателер.
- Әдеби тіл нормасы бойынша жекелеген оқушылар септік жалғаулары мен сөзжасамдық нормаларды орындауда қателіктер жіберген.
- Эссе тақырыбының желісінен шықпай, лексикалық құрылымдарды қолданып жазуда. Өз ойын дәлелдер арқылы жазуда.
- Орфографиялық қателіктер кездеседі.
- Эсседе көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеуде.

Павлодар қаласы бойынша:

II. Емтиханға қатысқан бес орыс мектебінің (Павлодар қаласы «Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы», Ертіс ауданы білім беру бөлімінің №3 жалпы орта білім беру мектебі, Шапық Шөкин атындағы гимназия-мектебі, «Павлодар қаласының №39 инновациялық үлгідегі гимназия сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Шарбақты ауылы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ) білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	338	338	
6-сыныптар бойынша	298	297	1
7-сыныптар бойынша	219	219	-
8-сыныптар бойынша	213	213	-
10-сыныптар бойынша	166	165	1
ЖАЛПЫ	1234	1232	2

Павлодар қаласының бес мектебінен (Павлодар қаласы «Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы», Ертіс ауданы білім беру бөлімінің №3 жалпы орта білім беру мектебі, Шапық Шөкин атындағы гимназия-мектебі, «Павлодар қаласының №39 инновациялық үлгідегі гимназия сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Шарбақты ауылы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 1234 (бір мың екі жүз отыз төрт) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 1232 (бір мың екі жүз отыз екі), 2 (екі) білім алушы денсаулығына байланысты қатыспаған.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 338 (үш жүз отыз сегіз) білім алушының барлығы толық қатысты, 6-сынып бойынша 298 (екі жүз тоқсан

сегіз) білім алушының 297-і (екі жүз тоқсан жетісі) қатысып, 1-і денсаулығына байланысты қатыспады. 7-сыныптар бойынша 219 (екі жүз он тоғыз) білім алушы толық қатысты, 8-сынып бойынша 213 (екі жүз он үш) білім алушы толық қатысты, 10-сынып бойынша 166 (бір жүз алпыс алты) білім алушының 165 (бір жүз алпыс бесі) қатысты, 1-і денсаулығына байланысты қатыспады.


3-кесте - Емтихан тізімдемесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	338	-	48	143	147
6-сыныптар бойынша	297	-	67	134	96
7-сыныптар бойынша	219	-	37	106	76
8-сыныптар бойынша	213	-	61	95	57
10-сыныптар бойынша	165	-	41	78	46
ЖАЛПЫ	1232	-	254	556	422

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 1232 (бір мың екі жүз отыз екі) білім алушының 254-і (екі жүз елу төрті) 3 балл, 556 (бес жүз елу алтысы) 4 балл, 422 (төрт жүз жиырма екісі) 5 балл алды.

4-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	338					86	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	297					77	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	219					83	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	213					71	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	165					75	100
Барлығы	1232					79	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 338 (үш жүз отыз сегіз) білім алушының сапа көрсеткіші -86 пайыз; 6-сынып бойынша 297 (екі жүз тоқсан жеті) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 77 пайызды құрады; 7-сыныпта 219 (екі жүз он тоғыз) білім алушының сапа көрсеткіші-83 пайыз; 8-сыныпта 213 (екі жүз он үш) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 71 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 165 (бір жүз алпыс бес) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 75 пайызды құрады.

Бес мектеп көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 1232 (бір мың екі жүз отыз екі) білім алушының білім сапасының көрсеткіші 79 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан кезінде әр дағды бойынша әзірленген тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға қиындық келтірген мәселелер:

5-сынып бойынша: Кейбір оқушылар жазба жұмысында грамматикалық және орфографиялық қателер жіберген. Мәтіннің мазмұнын толық түсіне алмағандықтан, оқылым бойынша берілген тапсырмаларда қателер кездесті.

6-сынып бойынша: Кейбір оқушылар айтылым бойынша диалогке түсуге қиналды және әдеби тіл нормалары бойынша қателер кездесті : сын есімнің түрлерін анықтау, сонымен қатар сөз тіркестерін құрастыру.

7-сынып бойынша: Эссе талаптарын сақтап жазуда, сын есімнің шырайларын қолдануда ,оқылым мәтінінің мазмұнын толық түсінуде, ПОПС формуласын қолдануда.

8-сынып бойынша: Оқушылардың басым бөлігі әдеби тіл нормасы бойынша берілген тапсырмаларды соның ішінде сөйлем мүшелеріне талдау; сөйлемдерге перефраз жасау, демеулік шылаулармен сөйлем құрастыруда

қиындықтарға кездесті. Сонымен қатар эссе тақырыбын ашуда келтірген фактілер мен аргументтердің нақтылығы жоқ.

10-сынып бойынша: Эссе жазу талаптарын сақтау, үстеуді жазылым барысында қолдану, оқылым мәтінінің мазмұнын толық түсіну жағы білім алушыларда қиындық тудырғаны байқалды.

Ақмола облысы бойынша:

I. Ақмола облысы бойынша емтиханға қатысқан бес қазақ мектебінің

(Целиноград ауданы бойынша Қараөткел ауылының мектеп-гимназиясы, «Қоянды ауылы №2 жалпы орта білім беретін мектебі», Целиноград ауданы Талапкер ауылының ЖОББМ, Целиноград ауданы Қараөткел №1 ЖОББМ, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қажымұқан ауылы ЖОББМ) білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	791	791	-
6-сыныптар бойынша	827	827	-
7-сыныптар бойынша	704	704	-
8-сыныптар бойынша	689	689	-
10-сыныптар бойынша	305	305	-
ЖАЛПЫ	3316	3316	-

Ақмола облысының бес қазақ мектебінен емтиханға қатысқаны (Целиноград ауданы бойынша Қараөткел ауылының мектеп-гимназиясы, «Қоянды ауылы №2 жалпы орта білім беретін мектебі», Целиноград ауданы Талапкер ауылының ЖОББМ, Целиноград ауданы Қараөткел №1 ЖОББМ, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қажымұқан ауылы ЖОББМ) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 3316 (үш мың үш жүз он алты) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 3316 (үш мың үш жүз он алты). Емтиханға барлық білім алушы 100 пайыз қатысты.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 791 (жеті жүз тоқсан бір), 6-сынып бойынша 827 (сегіз жүз жиырма жеті), 7-сыныптар бойынша 704 (жеті жүз төрт), 8-сынып бойынша 689 (алты жүз сексен тоғыз), 10-сынып бойынша 305 (үш жүз бес) білім алушы қатысты.

1-кесте - Емтихан тізімдемесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	791	-	217	364	210

6-сыныптар бойынша	827	-	240	369	218
7-сыныптар бойынша	704	-	223	297	184
8-сыныптар бойынша	689	-	212	309	168
10-сыныптар бойынша	305	-	86	143	76
ЖАЛПЫ	3316	-	978	1482	856

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 3316 (үш мың үш жүз он алты) білім алушының 978-і (тоғыз жүз жетпіс сегізі) 3 балл, 1482 (бір мың төрт жүз сексен екісі) 4 балл, 856-ы (сегіз жүз елу алтысы) 5 балл алды.

2-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	791					72	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	827					71	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	704					68	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	689					69	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	305					72	100
Барлығы	3316					71	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 791 (жеті жүз тоқсан бір) білім алушының сапа көрсеткіші -72 пайыз; 6-сынып бойынша 827 (сегіз жүз жиырма жеті) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 71 пайызды құрады; 7-сыныпта 704 (жеті жүз төрт) білім алушының сапа көрсеткіші-68 пайыз; 8-сыныпта 689 (алты жүз сексен тоғыз) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 69 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 305 (үш жүз бес) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 72 пайызды құрады.

Бес мектептің көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 3316 (үш мың үш жүз он алты) білім алушының білім сапасы 71 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан тапсыру кезінде кездескен қиындықтар:

5-сынып бойынша: Әдеби тіл нормаларынан берілген тапсырмаларды орындауда кейбір білім алушылар қиналады. Ережесін жақсы білгенімен қолдануда, мысал келтіруге қиналады.

Эссе құрылымын сақтамайды, кейбір білім алушыларда тезис жоқ, сын есім, сан есімдерді заттық мағынада қолдана алмады. Ауызша тапсырмаларға белсенді білім алушылар жазбаша жұмыстарды баяу орындады. Кейбір оқушылардың грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында қосымшаларды шатастырып алынатыны байқалды. Емтиханда берілген әдеби тілдік нормалардан сан есімді, сын есімді заттық мағынада қолдануда қиындықтар туындады.

6-сынып бойынша: Білім алушылар эссе құрылымын сақтамайтындығы байқалды, кейбір білім алушылар тезис жаза алмады, емтиханда берілген әдеби тіл нормаларында етіс түрлерін анықтауда қиналды. Ауызша тапсырмаларға белсенді білім алушылар жазбаша тапсырмаларға келгенде қиналып жатты. Кейбір білім алушылардың грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында қосымшаларды шатастырып алынатыны байқалды. Сынап бойынша әдеби тілдік нормалардан берілген күрделі сөздердің түрлерін ажырату, етіс, етістіктің түрлерін ажыратуда білім алушылардың материалды толық меңгермегендігі байқалды.

7-сынып бойынша: Білім алушылар эссе жазу барысында эссенің құрылымына мән бермейтіндігі байқалды, жыл бойы оқыған бандарламадағы грамматикалық тапсырмалардан берілген сөзді сөз құрамына талдауда қиналды. Ауызша тапсырмаларға белсенді білім алушылар жазбаша жұмыстарды баяу орындады. Кейбір оқушылардың грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында қосымшаларды шатастырып алынатыны байқалды. Бағдарлама бойынша берілген тапсырмалардан етістіктің шақтары мен рай түрлерін ажыратуда, есімше, көсемше жұрнағын белгілеуде білім алушылар білімдерінің төмен екендігін көрсетті.

8-сынып бойынша: Білім алушылар тезис жазудан, эссе құрылымын

сақтаудан қателіктер жіберген. Сөйлем мүшелеріне талдау кезінде қиындық туды. Ауызша тапсырмаларға белсенді болғанымен жазбаша жұмыстарды баяу орындады. Кейбір оқушылардың грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында қосымшаларды шатастырып алынатыны байқалды. Берілген тапсырмалардан сөйлемді сөйлем мүшесіне талдау, айқындауыш мүшелерді теріп жазуда білімдеріндегі олқылық байқалды.

10-сынып бойынша: Ауызша тапсырмаларға белсенді оқушылар, жазбаша жұмыстарды баяу орындады. Кейбір оқушылардың грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында қосымшаларды шатастырып алынатыны байқалды. Сөзжасадық тәсілдерге талдау жасаудан қиналды. Әдеби тілдік нормалар бойынша берілген грамматикалық тапсырмалардан сөздердің жасалу жолдарын ажыратуда қателесіп жатты.

Ақмола облысы бойынша «Қазақ тілі» пәнінен емтихан тапсыру барысында зерттелген бес мектептің білім алушыларының біліміндегі ортақ кемшіліктер төмендегідей:

1. Эссе құрылымын сақтамайды;
2. Тезис жаза алмайды;
3. Жазбаша жұмыстар жасауда қиналады;
4. Әр сыныптың бағдарламада берілген білім мазмұнындағы грамматикалық тапсырмаларды толық меңгермегендіктері байқалады.

II. Орыс сыныптары бойынша Ақмола облысының бес мектебінің (Балқашин ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі, Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Балқашин ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі, Веселое ауылының жалпы орта білім беретін мектебі, Мәдениет ауылының жалпы орта білім беретін мектебі, Новоникольск ауылының жалпы орта білім беретін мектебі) білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	116	116	
6-сыныптар бойынша	115	115	
7-сыныптар бойынша	129	128	1 ерекше білім беру қажеттіліктері бар
8-сыныптар бойынша	118	118	
10-сыныптар бойынша	65	65	
ЖАЛПЫ	543	542	1

Ақмола облысының бес мектебінің (Балқашин ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі, Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы

бойынша білім бөлімі Балкашин ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі, Веселое ауылының жалпы орта білім беретін мектебі, Мәдениет ауылының жалпы орта білім беретін мектебі, Новоникольск ауылының жалпы орта білім беретін мектебі) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 543 (бес жүз қырық үш) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 542 (бес жүз қырық екі). 1 (бір) білім алушы денсаулығына байланысты (ерекше білім беру қажеттіліктері бар) қатыспаған.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 116 (жүз он алты) білім алушы, 6-сынып бойынша 115 (жүз он бес) білім алушы, 7-сыныптар бойынша 129 (жүз жиырма тоғыз) білім алушының 128-і (жүз жиырма сегізі) қатысты, 1-еуі ерекше білім беру қажеттілігі болғандықтан емтиханнан босатылды, 8-сынып бойынша 118 (жүз он сегіз) білім алушы, 10-сынып бойынша 65 (алпыс бес) білім алушы қатысты.

3-кесте - Емтихан тізімдемесі


Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	116	-	28	46	42
6-сыныптар бойынша	115	-	42	50	23
7-сыныптар бойынша	128	-	42	58	28
8-сыныптар бойынша	118	-	35	55	28
10-сыныптар бойынша	65	-	17	31	17
ЖАЛПЫ	542	-	164	240	138

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 542 (бес жүз қырық екі) білім алушының 164-і (жүз алпыс төрт) 3 балл, 240 (екі жүз қырық) 4 балл, 138 (жүз отыз сегіз) 5 балл алды.

4-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	116				76	100	
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	115				63	100	
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	128				67	100	
8-сыныптар бойынша							

Жалпы	118					70	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	65					74	100
Барлығы	542					70	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 116 (жүз он алты) білім алушының сапа көрсеткіші -76 пайыз; 6-сынып бойынша 115 (жүз он бес) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 63 пайызды құрады; 7-сыныпта 128 (жүз жиырма сегіз) білім алушының сапа көрсеткіші-67 пайыз; 8-сыныпта 118 (жүз он сегіз) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 70 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 65 (алпыс бес) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 74 пайызды құрады.

Бес мектеп көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 542 (бес жүз қырық екі) білім алушының білім сапасының көрсеткіші 70 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан тапсыру кезінде кездескен қиындықтар:

5-сынып бойынша:

«5.4.2.1 эссе құрылымын сақай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу» оқу мақсатына құрылған тапсырмаларды орындау барысында қиындықтар болды. Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарды орындауда сын есімдерге қатысты сөздік қорын қолдануда қателесулер кездесті.

6-сынып бойынша:

Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын толық түсінбейді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай алмайды. Эссе тақырыбының қажетті мазмұнын ашып жазбайды.

Коммуникативтік жағдаят бойынша өзара диалогқа түсуде, сұрақтарға толық жауап беруде сөздік қорлары жетіспейді.

7-сынып бойынша:

«7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу, келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу» оқу мақсаты бойынша құрылған тапсырмаларды орындауда көптеген қателіктер жіберді. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша себептерін жазу қиындық келтірді.

Диалогке қатысушылардың коммуникативтік жағдаяттардың талабына сай диалог құрастыруда қиналады.

8-сынып бойынша:

«8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, баға беру» оқу мақсатына құрылған тапсырмаларды орындау қиындық келтірді.

Пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеуде сөздік қорлары жетіспейді.

10-сынып бойынша:

Ғылыми көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, оларды ауызша мәтін құрауда орынды қолдану мүмкіндіктері төмен.

Емтихан тапсыру барысында жалпы барлық сынып білім алушыларына қиындық келтіретін ортақ кемшіліктер:

1. Қазақ тілі пәні бойынша оқылым стратегияларын қолдану, жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу.

2. Жазылым тапсырмасы бойынша эссенің негізгі, кіріспе, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып жазуда қиындықтар туындады.

3. Оқылым тапсырмасы бойынша мәтіннің жалпы мазмұнын түсініп, тапсырмаларды орындауда қиындықтар кездесті.

4. Айтылым тапсырмасында сөйлемді дұрыс жеткізу, өз ойын анық білдіруде қиындықтар кездесті.

5. Жазылым тапсырмасында эссенің құрылымы бойынша кішкене қателіктер орын алды.

6. Грамматикалық, стилистикалық қателіктер кездесті.

7. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

8. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жылдарын ұсынуда қателіктер жібереді.

9. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуға қиналады.

10. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату қолдануға қиындық туғызады.

11. Пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге қиындық туғызады.

12. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну қиындық туғызады.

Бұл қиындықтардың барлығы білім алушының:

- сөз байлығының аздығы;
- тапсырманы мұқият оқымағандығы;
- сұрақтарды мұқият оқымау.
- өз ойын жеткізе алмаудан туындап отырды.

Алматы қаласы бойынша:

I. Алматы қаласы бойынша емтиханға қатысқан бес қазақ мектебінің

(Алматы қаласы Алатау ауданы «№210 мектеп-лицей» КММ, Алматы қаласы Әуезов ауданы №141 ЖББМ, Алматы қаласы Бостандық ауданы М.Мақатаев атындағы №140 гимназия, Алматы қаласы Түркісіб ауданы №59 мектеп – гимназия, Алматы қаласы Алатау ауданы №185 жалпы білім беретін мектеп) білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	597	597	-
6-сыныптар бойынша	563	563	-
7-сыныптар бойынша	503	503	-
8-сыныптар бойынша	509	509	-
10-сыныптар бойынша	379	379	-
ЖАЛПЫ	2551	2551	-

Алматы қаласының бес қазақ мектебінен емтиханға қатысқаны (Алматы қаласы Алатау ауданы «№210 мектеп-лицей» КММ, Алматы қаласы Әуезов ауданы №141 ЖББМ, Алматы қаласы Бостандық ауданы М.Мақатаев атындағы №140 гимназия, Алматы қаласы Түркісіб ауданы №59 мектеп – гимназия, Алматы қаласы Алатау ауданы №185 жалпы білім беретін мектеп) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 2551 (екі мың бес жүз елу бір) білім алушы. Емтиханға барлық білім алушы 100 пайыз қатысты.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 597 (бес жүз тоқсан жеті), 6-сынып бойынша 563 (бес жүз алпыс үш), 7-сыныптар бойынша 503 (бес жүз үш), 8-сынып бойынша 509 (бес жүз тоғыз), 10-сынып бойынша 379 (үш жүз жетпіс тоғыз) білім алушы қатысты.

1-кесте - Емтихан тізімдемесі


Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	597	-	107	257	233

6-сыныптар бойынша	563	-	107	282	174
7-сыныптар бойынша	503	-	99	254	150
8-сыныптар бойынша	509	-	96	233	180
10-сыныптар бойынша	379	-	56	190	133
ЖАЛПЫ	2551	-	465	1216	870

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 2551 (екі мың бес жүз елу бір) білім алушының 465-і (төрт жүз алпыс бесі) 3 балл, 1216 (бір мың екі жүз он алты) 4 балл, 870-і (сегіз жүз жетпісі) 5 балл алды.

2-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	597					82	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	563					81	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	503					80	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	509					81	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	379					85	100
Барлығы	2551					82	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 597 (бес жүз тоқсан жеті) білім алушының сапа көрсеткіші -82 пайыз; 6-сынып бойынша 563 (бес жүз алпыс үш) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 81 пайызды құрады; 7-сыныпта 503 (бес жүз үш) білім алушының сапа көрсеткіші-80 пайыз; 8-сыныпта 509 (бес жүз тоғыз) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 81 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 379 (үш жүз жетпіс тоғыз) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 82 пайызды құрады.

Бес мектептің көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 2551 (екі мың бес жүз елу бір) білім алушының білім сапасы 82 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан тапсыру кезінде кездескен қиындықтар:

5-сынып бойынша:

Оқушылар эссенің құрылымын сақтап жазуда қиындық туындады; өз ойын дәлелдеме арқылы жеткізуде қиналады. Сөздік қоры аз. Негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты анықтауда, сан есім емлесінде, төл сөздің тыныс белгісінде қиындықтар кездесті. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап жазуда шатастырады, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда тақырыптан ауытқиды. Емтихан барысында 5-сынып оқушыларының кейбірінде эссе жазу барысында қиындықтар туындады.

6-сынып бойынша:

Оқушылардың эссе жазу барысында қолданған сөйлемдерінің құрылымы қарапайым, грамматикалық сауаттылықтары төмен, әсіресе, шылаулардың емлесін, н-ң дыбыстарын ажырата алмау кемшіліктері орын алды. Стилистикалық қателіктер жіберген. Берілген мәтінге коментарий жазуда, синонимдік қатарларын табуда шатастырады. Эссе тақырыбына қатысты мәліметтер толық сақтамайды, абзац түрлерін жүйелі құрастыра алмайды, өз ойын жеткізуде көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсете алмайды («келісу, келіспеу» эссесі). 5-6 грамматикалық қате жібереді. Кейбір оқушыларда емтихан кезеңінде ӘТН тапсырмаларынан түсінбеушіліктер пайда болды, аса үлкен қиындық тудырмады.

7-сынып бойынша:

Эссе құрылымын сақтауда қателіктер жіберілді. Орфографиялық нормаға сай жазуда қателесті. Мағыналық түрлеріне қарай ажыратуда қателіктер жіберді. Тақырыпқа қатысты өз ойларын білдіруде, шылаудың емлесінде қателеседі. Оқылған мәтін мазмұнына коментарий жасауда ойын жүйелі жеткізе алмайды, іріктеп оқуда, зерттеп оқуда 1-2 қате жібереді.

8-сынып бойынша:

Оқушылар аргументативті эссе жазуда, оқырманның зейінін аудартып, қатаң дәлелдер келтіруде, әртүрлі көзқарастарды мысалға алуда, орфографиялық және пунктуациялық заңдылықтарлы сақтап жазуда, ауызекі сөздер, диалект, жаргон сөздерді қолданбауда, н-ң дыбыстарын ажыратуда қиналады. Мәселе

бойынша шешімдерді салыстыруда, бірыңғай мүше мен жалпылауыш сөздердің емлесінде аздап қателіктер жіберген. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтайды, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыруда, өз ойын дәлелдеп жазуда 4-5 қателіктер жібереді (аргументативті эссе).

10-сынып бойынша:

Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазуда қиындықтар болды.

Мәтін мазмұнына лайықты орфографиялық нормаға сай жазылған күрделі сөздерді толық теріп жазбаған. Өртүрлі көзқарастарды мысалға алуда, орфографиялық және пунктуациялық заңдылықтарлы сақтап жазуда қиналған. Берілген мәліметтерді өңдеуде, сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуында (кейбір жұмыстарда сөйлем мүшелерінің орналасуы орыс тіліндегі ережеге негізделген). Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды қолдануда 3-4 қате жібереді.

Ортақ кемшіліктер:

Оқушылардың өз ойларын жазбаша нақты жеткізе алмауы, сөздерді дұрыс байланыстырмауы.

II. Орыс сыныптары бойынша Алматы қаласының бес мектебінің

(Алматы қаласы Түрксіб ауданы С.Сейфуллин атындағы № 74 ЖББМ, Алматы қаласы Әуезов ауданы № 27 гимназия, Алматы қаласы Медеу ауданы № 77 ЖББМ, Алматы қаласы Бостандық ауданы № 38 гимназия, Алматы қаласы Алмалы ауданы №18 гимназия) білім көрсеткіші төмендегідей:

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны, себебі
5-сыныптар бойынша	277	276	1білім алушы денсаулығына байланысты босатылды.
6-сыныптар бойынша	296	296	
7-сыныптар бойынша	278	278	
8-сыныптар бойынша	276	276	
10-сыныптар бойынша	213	213	
ЖАЛПЫ	1340	1339	1

Алматы қаласының бес мектебінің (Алматы қаласы Түрксіб ауданы С.Сейфуллин атындағы № 74 ЖББМ, Алматы қаласы Әуезов ауданы № 27 гимназия, Алматы қаласы Медеу ауданы № 77 ЖББМ, Алматы қаласы Бостандық ауданы № 38 гимназия, Алматы қаласы Алмалы ауданы №18 гимназия) 5-8,10-сынып бойынша барлығы 1340 (бір мың үш жүз қырық) білім алушы болса, оның емтиханға қатысқаны 1339 (бір мың үш жүз отыз тоғыз). 1

(бір) білім алушы денсаулығына байланысты қатыспаған.

Әр сынып бойынша тоқталар болсақ 5-сыныптан 277 (екі жүз жетпіс жеті) білім алушының 1 денсаулығына байланысты емтиханнан босатылған, қатысқаны 276 (екі жүз жетпіс алты), 6-сынып бойынша 296 (екі жүз тоқсан алты) білім алушы, 7-сыныптар бойынша 278 (екі жүз жетпіс сегіз), 8-сынып бойынша 276 (екі жүз жетпіс алты) білім алушы, 10-сынып бойынша 213 (екі жүз он үш) білім алушы қатысты.


3-кесте - Емтихан тізімдемесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5-сыныптар бойынша	276	-	86	122	68
6-сыныптар бойынша	296	-	81	138	77
7-сыныптар бойынша	278	-	67	147	64
8-сыныптар бойынша	276	-	94	129	53
10-сыныптар бойынша	213	-	50	107	56
ЖАЛПЫ	1339	-	378	643	318

Жоғарыда аталған бес мектептен қатысқан 1339 (бір мың үш жүз отыз тоғыз) білім алушының 378-і (үш жүз жетпіс сегіз) 3 балл, 643 (алты жүз қырық үш) 4 балл, 318 (үш жүз он сегіз) 5 балл алды.

4-кесте - Білім сапасы (пайыздық көрсеткішпен)

Сөйлесім әрекеті	Қатысқан білім алушы саны	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
5-сыныптар бойынша							
Жалпы	276					69	100
6-сыныптар бойынша							
Жалпы	296					73	100
7-сыныптар бойынша							
Жалпы	278					76	100
8-сыныптар бойынша							
Жалпы	276					66	100
10-сыныптар бойынша							
Жалпы	213					77	100
Барлығы	1339					72	100



Сыныптар бойынша тоқталсақ, 5-сыныпта қатысқан 276 (екі жүз жетпіс алты) білім алушының сапа көрсеткіші -69 пайыз; 6-сынып бойынша 296 (екі жүз тоқсан алты) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 73 пайызды құрады; 7-сыныпта 278 (екі жүз жетпіс сегіз) білім алушының сапа көрсеткіші-76 пайыз; 8-сыныпта 276 (екі жүз жетпіс алты) білім алушы қатысып, білім сапасының көрсеткіші 66 пайызды құрады. Ал 10-сыныпта 213 (екі жүз он үш) білім алушы қатысып, сапа көрсеткіші 77 пайызды құрады.

Бес мектеп көрсеткіші бойынша емтихан тапсыруға қатысқан 1339 (бір мың үш жүз отыз тоғыз) білім алушының білім сапасының көрсеткіші 72 пайызды құрайды. Үлгерім көрсеткіші 100 пайыз.

Емтихан тапсыру кезінде кездескен қиындықтар:

5-сынып бойынша:

Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру қиындық тудырды.

Сөздік қорлары төмен болғандықтан, шағын диалогке қатысуда қиналды. Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазуда сөздік қордың төмендігінен қателіктер жіберді. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар сөздік қорының аздығынан берілген тапсырманы толық орындай алмады. Жазбаша жұмыстарда өз ойын жеткізуде қиындықтар туындады.

6-сынып бойынша:

Жазылым тапсырмасында эссе жазу бойынша орфографиялық, синтаксистік қателер кездесті, дәлелдер, нақты деректер мен факті көрсетулері аз.

Әдеби норма бойынша сөзжасамдық талдау мен синтаксистік нормаларды сақтау қиындық тудырды. Айтылым: Сөздік қорлары аздығынан қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Жауапта бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес, қарапайым

идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз. Өз ойын ауызша және жазбаша жеткізуде білім алушыларда қиындықтар туындады.

7-сынып бойынша:

Айтылым: Сөздік қорлары аз болғандықтан қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Жауапта бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізгі емес, қарапайым идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз, өз ойларын толық, еркін жеткізе алмайды.

8-сынып бойынша:

Жазылым тапсырмасында эссе жазу бойынша орфографиялық, синтаксистік қателер кездеседі. Жазылым тапсырмаларын орындауда дәлелдер, нақты деректер мен факті көрсетулері аз. Эссе жазу барысында негізгі және қортынды бөлімдерде ойларын толық жеткізе алмаған.

Тыңдалым дағдысы бойынша оқу мақсатына сай таңдалған мәтінді аудиожазба түрінде алдын-ала жазып компьютерге жүктеп қоюы керек. Емтихан кезінде білім алушы мәтінді екі рет тыңдайды, тыңдалымға арналған тапсырмаларды орындайды (сұрақ-жауап, жабық тапсырмалар, тест т.б.).

Айтылым дағдысы бойынша білім алушыға тақырып беріледі (диалог, монолог, сұхбат т.б.).

Оқылым дағдысы бойынша таңдалған мәтінмен (сұрақ құрастыру, сәйкестендіру, тест, кестемен жұмыс, сөз мағынасын ашу т.б.) жұмыс жасайды.

Жазылым дағдысы бойынша берілетін эссе тақырыбы оқылым бойынша таңдалған мәтінмен мазмұндық байланыста болуы керек.

Барлық дағды бойынша таңдалатын тақырып, мәтіндер үлгілік оқу бағдарламасында ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген лексикалық тақырыптармен мазмұндас болуы керек (мәтін мазмұнында дінге, саясатқа қатысты, түсінуге, қабылдауға қиын сөздер болмауы керек. МЖМББС-дағы

құндылықтарға негізделген, тәрбиелік мәні бар, білім алушыға қызықты мәтіндер алынады. Сыныбына, жас ерекшелігіне сай сөз саны анық болу керек. Мәтін мазмұны мұқият тексеріліп, алынған дереккөздер көрсетілуі қажет).

Жалпы «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытуда педагог бірінші кезекте мәтін арқылы жасалатын жұмыстарға терең мән беруі керек. Педагог білім алушыны сол мәтін арқылы коммуникацияға, тілдік қарым-қатынасқа түсіруі керек. Сол мәтін арқылы грамматиканы меңгертуі қажет. Білім алушыны 5-сыныптан бастап оқу сауаттылығына баулу жоғары нәтиже берері сөзсіз. Осы мақсатпен PISA-2022 жылғы талдау материалдарынан алынған оқу сауаттылығының деңгейлерін көрсеткен жазбаны ұсынамыз. Педагогтер осы деңгейлерді талдай отырып, білім алушыға тапсырма құрастыруда басшылыққа алуларына болады.

PISA-2022 зерттеуіндегі оқу сауаттылығының деңгейлері

	Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары нәтижелер	6	Оқу дағдылары 6-деңгейге сәйкес келетін білім алушылар контекстік ақпарат терең жасырынған және тапсырмамен жанама түрде ғана байланысқан ұзақ және абстрактілі мәтіндерді түсінеді. Олар бір-біріне қайшы келетін бірнеше көзқарастарды білдіретін ақпаратты салыстыра, теңестіре және біріктіре алады. Ол үшін білім алушылар бірнеше критерийлерді пайдалана алады және ақпаратты пайдалану жолын анықтау үшін үзінділер арасында логикалық байланыс құра алады. Сондай-ақ бұл деңгейде білім алушылар мәтінге қатысты сыртқы критерийлерді пайдалана отырып, дереккөз негізінде мәтін мазмұнына қатысты ақпаратты көрсете алады. Олар мәтін арасындағы ақпаратты салыстыра және теңестіре алады, ақпарат көздері туралы қорытындылар, олардың айқын немесе жеке мүдделері және ақпараттың шынайылығына қатысты басқа да белгілер арқылы мәтінаралық айырмашылықтар мен сәйкессіздіктерді анықтай және жоя алады. 6-деңгейдегі тапсырмалар, әдетте, оқырманнан бірнеше критерийлерді үйлестіретін және тапсырмалар мен мәтінді (мәтіндерді) байланыстыру үшін қорытынды жасайтын мұқият ойластырылған жоспарлар құруды талап етеді. Бұл деңгейдегі материалдар бір немесе бірнеше күрделі және абстрактілі мәтіндерден тұрады. Қажет ақпарат мәтінге терең кіріктірілген және қарама-қайшы ақпаратпен жасырынған бөліктер түрінде берілуі мүмкін.
	5	5-деңгейде оқырмандар ұзын мәтіндерді түсініп, тіпті қажет ақпарат өткізіп жіберілген мәтінде қай ақпарат маңызды екені туралы қорытынды жасай алады. Олар мәтіннің кеңейтілген үзінділерін терең түсінуге негізделген себеп-салдарлық немесе басқа да пайымдау жасай алады. Олар сондай-ақ сұрақ пен бірнеше мәтін және дереккөздердің ішінде немесе арасында бөлінген ақпараттың бір немесе бірнеше үзінділері арасындағы өзара байланысты анықтай отырып, жанама сұрақтарға жауап бере алады. Рефлексивті

		тапсырмалар нақты ақпаратқа сүйене отырып, болжамдар жасау немесе сыни бағалауды талап етеді. Оқырмандар мазмұны мен мақсаты арасындағы, сондай-ақ күрделі немесе абстрактілі тұжырымдарға қатысты факт пен пікір арасындағы айырмашылықты анықтай алады. Олар ақпараттың мазмұнына, және/немесе шығу көзіне қатысты айқын немесе айқын емес белгілердің негізінде бейтараптықты және екіұдайлықты бағалай алады. Білім алушылар сондай-ақ мәтінде ұсынылған тұжырымдардың немесе қорытындылардың сенімділігіне қатысты қорытынды жасай алады. Оқудың барлық аспектілері үшін 5-деңгейдегі тапсырмаларға әдетте абстрактілі немесе қисынсыз болып келетін ұғымдармен жұмыс істеу жатады және мақсатқа қол жеткізгенге дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сонымен қатар бұл деңгейдегі тапсырмалар оқырманнан ақпаратты салыстыру үшін мәтіндер арасында ауысып, бірнеше ұзын мәтіндермен жұмыс жасауды талап етуі мүмкін.
Орташа нәтижелер	4	4-деңгей білім алушылардың бойында бір немесе бірнеше мәтіннің үлкен үзінділерін түсіну дағдыларының болуын білдіреді. Олар жалпы мәтінді назарға ала отырып, мәтін бөлігіндегі тілдік ерекшеліктерді интерпретациялай алады. Интерпретация жасауды талап ететін басқа тапсырмаларда білім алушылар арнайы категорияларды түсіну мен қолдану қабілетін көрсетеді. Олар түрлі көзқарастарды салыстыра алады және бірнеше дереккөз негізінде қорытынды жасай алады. Зейінді бөліп жіберетін элементтердің бар болуы қарамастан, білім алушылар айқын берілмеген ақпарат үзінділерін іздей, таба және біріктіре алады. Олар мақсатты ақпараттың өзектілігін бағалау үшін міндеттер қою негізінде қорытынды жасай алады. Сондай-ақ олар алдыңғы тапсырманың контекстін есте сақтауды талап ететін тапсырмаларды өңдей алады. Сонымен қатар осы деңгейдегі білім алушылар нақты тұжырымдар мен жалпы ұстанымдар немесе тақырып бойынша қорытындылар арасындағы өзара байланысты бағалай алады. Олар мәтіндердің сипаттамалық ерекшеліктерін (мысалы, тақырыптар мен иллюстрациялар) негізге ала отырып, авторлар өз идеяларын жеткізу үшін қолданатын стратегиялар туралы ойлана алады. Олар сондай-ақ бірнеше мәтіндерде ұсынылған мәлімдемелерді салыстыра және қарама-қарсы қоя алады және негізгі критерийлер негізінде дереккөздердің сенімділігін бағалай алады. 335 4-деңгейдегі мәтіндер көбіне ұзын немесе күрделі болып келеді, олардың мазмұны немесе формасы стандартты емес болуы мүмкін. Көптеген тапсырмалар бірнеше мәтіннің ішінде орналасқан ақпаратпен жұмыс істеуде талап етеді. Мәтіндер мен тапсырмаларда жанама түрде немесе айқын емес түрде берілген көмекші сөздер кездеседі.
	3	3-деңгейдегі оқырмандар мәтіннің мазмұны немесе ұйымдастыруы бойынша ешқандай көмекші элементтерсіз бір немесе бірнеше мәтіннің тура мағынасын түсіне алады. Оқырмандар мәтіннің түрлі бөліктеріндегі мазмұнды біріктіріп, қарапайым және күрделі қорытындылар жасай

		<p>алады. Олар сондай-ақ негізгі идеяны анықтау үшін мәтін үзіндісінің бірнеше бөліктерін біріктіре алады, қажетті ақпарат бір бетте орналасқанда, сөз немесе сөз тіркестерінің өзара байланысын немесе мағынасын түсіне алады. Білім алушылар жанама ізденіс негізінде ақпаратты іздей алады және көрінбейтін және/немесе ойларын бөлетін факторлар бар кезде қажет ақпаратты таба алады. Кейбір жағдайларда оқырмандар бұл деңгейде бірнеше критерийлер негізінде ақпараттың бірнеше бөліктері арасындағы өзара байланысты тани алады. 3-деңгей оқырмандары мәтін үзіндісі немесе шағын мәтін туралы ой бөлісе алады, сондай-ақ анық ақпарат негізінде бірнеше автордың көзқарастарын салыстыра және қарамақарсы қоя алады. Бұл деңгейдегі рефлексивті тапсырмалар оқырманнан салыстыру жасауды, түсініктемелерді генерациялауды немесе мәтіннің ерекшеліктерін бағалауды талап етуі мүмкін. Кейбір рефлексивті тапсырмалар оқырмандардан таныс тақырыпқа қатысы бар мәтін үзіндісін егжей-тегжейлі түсінуді, ал басқалары таныс емес мазмұнды базалық деңгейде түсінуді талап етеді. 3-деңгейдің тапсырмалары оқырманнан ақпаратты салыстыру, теңестіру немесе категорияларға бөлу кезінде көптеген ерекшеліктерді ескеруді талап етеді. Талап етілетін ақпарат көбіне анық көрінбейді немесе оған қарама-қайшы келетін ақпарат көп болуы мүмкін. Осы деңгейге тән мәтіндер күтілетін нәтижеге қайшы келетін немесе теріс тұжырымдалған идеялар сияқты басқа да кедергілерді қамтуы мүмкін.</p>
Төмен нәтижелер	2	<p>2-деңгейде оқырмандар орташа ұзындықтағы мәтін үзіндісінің негізгі идеясын анықтай алады. Олар ақпарат айқын болмаған кезде және/немесе мәтін(дер)де кейбір оқырман ойын бөлетін ақпарат болған кезде, қарапайым тұжырымдар жасау арқылы қарым-қатынасты түсінуі немесе мәтіннің шектеулі бөлігіндегі мағынаны түсіндіруі мүмкін. Олар айқын, бірақ кейде күрделі нұсқаулар негізінде қажетті бетке өте алады және оны таңдай алады, сондай-ақ бірнеше ішінара айқын емес критерийлерді ескере отырып, бір немесе бірнеше ақпарат үзінділерін таба алады. 2-деңгейдегі оқырмандар нақты нұсқау берілген жағдайда орташа ұзындықтағы мәтіндердің жалпы мақсатын немесе нақты бөліктерін тауып көрсете алады. Олар, сондай-ақ, қарапайым визуалды немесе типографиялық ерекшеліктерді көрсете алады. Оқырмандар қысқа, айқын тұжырымдар негізінде мәлімдемелерді салыстыра алады және оларды негіздеуші себептерді бағалай алады. 2-деңгейдегі тапсырмалар мәтіндегі бір функцияға негізделген салыстыруларды немесе контрасты қамтуы мүмкін. Бұл деңгейде әдеттегі рефлексивті тапсырмалар оқырмандардан жеке тәжірибе мен ұстанымдарға сүйене отырып, мәтін мен сыртқы білім арасында салыстыруларды немесе байланыстарды жүргізуді талап етеді.</p>
	1a	<p>1a деңгейінде оқырмандар сөйлемнің немесе қысқа үзіндінің тура мағынасын түсінуі мүмкін. Бұл деңгейде оқырмандар</p>

		автордың негізгі тақырыбын немесе мақсатын белгілі бір мәтін үзіндісі арқылы тани алады және ақпараттың бірнеше аралас бөліктері арасында немесе осы ақпарат пен өзінің білімі арасында қарапайым байланыс орната алады. Олар қарапайым нұсқаулар негізінде шағын жиынтықтан тиісті бетті таңдай алады және қысқа мәтіндерден бір немесе бірнеше тәуелсіз ақпарат үзінділерін таба алады. 1а деңгейіндегі оқырмандар айқын нұсқаулары бар қарапайым мәтіндердің жалпы мақсаты туралы және ондағы ақпараттың салыстырмалы маңыздылығы туралы (мысалы, негізгі идея және маңызды емес бөлшектер) ой қозғай алады. Бұл деңгейдегі тапсырмалардың көпшілігі нені жасау керек, қалай жасау керек және мәтін(дер)де оқырмандар өз назарын неге аударуы тиіс тәрізді айқын нұсқауларды қамтиды.
	1b	Оқырмандар 1b деңгейінде қарапайым сөйлемдердің тура мағынасын бағалай алады. Олар, сондайақ, мәтін және/немесе сұрақтағы ақпараттың аралас бөліктері арасында қарапайым байланыстар орната отырып, мәтіндердің тура мағынасын түсіндіре алады. Бұл деңгейде оқырмандар сөйлемнің немесе қысқа мәтіннің немесе қарапайым тізімнің ішінен анық орналастырылған, анық мәлімделген 336 ақпараттың бір бөлігін таба алады. Олар айқын нұсқаулар болған кезде, солардың көмегімен шағын жиынтықтан құралған тапсырманың тиісті бетіне өте алады. 1b деңгейіндегі тапсырмалар оқырмандарды тапсырма мен мәтіндегі тиісті факторларды қарастыруға тікелей нұсқайды. Бұл деңгейдің мәтіндері қысқа болып келеді және, әдетте, оқырманға ақпаратты, суреттерді немесе таныс таңбаларды қайталау арқылы қолдау көрсетеді. Бұл деңгейде қарама-қайшы ақпарат аз кездеседі.
	1c	1c деңгейіндегі оқырмандар қысқа, синтаксистік қарапайым сөйлемдердің мәнін дәлме-дәл түсініп, растай алады және шектеулі уақыт ішінде айқын және қарапайым мақсатта оқи алады. Бұл деңгейдегі тапсырмалар қарапайым сөздік қорын және синтаксистік құрылымдарды қамтиды.

6-сыныптың оқу мақсатына құрылған тапсырманың үлгісі:

Оқу мақсаттары: 6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;

6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру

№1 АШЫҚ ТАПСЫРМА

Тапсырма түрлері	«Су – тіршілік көзі» (Судың адам ағзасына пайдасы туралы)
Мәтіннің негізгі мақсаты не?	Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық
<ul style="list-style-type: none"> ○ Судың жүрек- қан тамыр жүйесі жұмысын қиындататынын айту. ○ Судың пайдасы туралы нақты ақпарат беру. 	

<ul style="list-style-type: none"> ○ Судың дене температурасын реттейтінін баяндау. <p>Суды үнемдеуді насихаттау.</p>	<p>болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:</p>
<p>Қай тұжырымды дұрыс деп санайсың?</p> <p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Адам шөлге, аштыққа шыдамды келеді. ○ Су қоректік заттектерді жеткілікті түрде тасымалдамайды. ○ Су жылуды сақтамағандықтан, дене температурасын реттейді. ○ Судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. 	<ul style="list-style-type: none"> – Су– қоректік заттектерді тасымалдаушы. – Су– еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады. – Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі. <p>Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.</p> <p>https://zhardem.kz/</p>

№ 1 ашық мәтін. «Судың адам ағзасына пайдасы»

«Су– тіршілік көзі»

Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:

– Су– қоректік заттектерді тасымалдаушы.

– Су– еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады.

– Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі.

Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.

<https://zhardem.kz/>

№2 АШЫҚ ТАПСЫРМА

<p>Оқу сауаттылығы</p>	
<p>2-шы сұрақ</p>	<p>«Су – тіршілік көзі»</p>
<p>Сол жақта берілген «Су – тіршілік көзі» мәтінінің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p>	<p>Біз туралы Судың адам ағзасына пайдасы</p> <p>Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:</p> <p>– Су– қоректік заттектерді тасымалдаушы.</p>

	<p>– Су– еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады.</p> <p>–Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі.</p> <p>Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.</p> <p>https://zhardem.kz/</p>
--	--

2- мәтін.

Адамдар суды таза ауыз суы, сусындар түрінде және тамақпен бірге тұтынады, ол тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе оны даярлау кезінде қосылған су түрінде тұтынуы мүмкін.

Шыжыған ыстық кезде денеден тер мен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады. Мұндай кезде мөлшерден тыс тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жібереді. Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін. Сондықтан көп мөлшердегі суды бір жолата ішуге болмайды. Өте мұздай суық су ішу де зиянды. Көп мөлшерде өте мұздай су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн. <https://zhardem.kz/>

№3-АШЫҚ ТАПСЫРМА

Оқу сауаттылығы			«Суды мөлшермен ішкен пайдалы»
3-ші сұрақ			
Сол жақта берілген «Суды мөлшермен ішкен пайдалы» мәтінінің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.			Адамдар суды таза ауыз суы, сусындар түрінде және тамақпен бірге тұтынады, ол тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе оны даярлау кезінде қосылған су түрінде тұтынуы мүмкін. Шыжыған ыстық кезде денеден термен бірге көп мөлшерде натрий тұзы сыртқа шығады. Мұндай кезде мөлшерден тыс тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жібереді. Су жасуша қабықшасы арқылы жасуша ішіне өтіп, жасуша сулы ісігін тудырады да, судан улану туындауы мүмкін. Сондықтан көп мөлшердегі суды бір жолата ішуге болмайды. Өте мұздай суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл бұзылыстар пайда болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн. https://zhardem.kz/
Келесі тұжырымдар суық судың зиянды екенін дәлелдей ала ма ?			
Әр тұжырым үшін «Иә» немесе «Жоқ» дегенді белгіле.			
Келесі тұжырымдар суық судың зиянды екенін дәлелдей ала ма ?	Иә	Жоқ	
Шыжыған ыстықта тұзсыз су ішу қанды сұйылтып жіберуі		+	
Көп мөлшердегі суды біржолата ішуден жасуша сулы ісігінің тууы		+	
Өте суық су ішкенде асқорыту жүйесінде шұғыл	+		

бұзылыстар пайда болуы мүмкіндігі			
-----------------------------------	--	--	--

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде лексиканы игеру, оны түрлі қатысымдық салаларда (тұрмыстық, әлеуметтік-тұрсымыстық, оқу-кәсіби, әлеуметтік-мәдени) берілетін мәтіндер арқылы қарым-қатынас құру мақсатында меңгерту көзделеді. Білім алушылардың лексиканы игеруі сөйлеу әрекеті түрлерінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) жүзеге асады. Осы арқылы лексикалық дағдысы қалыптасады. Ал лексикалық дағды – сөйлеу әрекеті, осы дағдыны орнықтыру үшін әуелі лексикалық білім және білік қабылданады да ауызша сөйлеуге дағдыланады. Білім алушы қарым-қатынасқа түсу кезеңінде өзі игерген лексикалық дағдысы арқылы мынадай басты міндеттерді шешеді:

1) сөздік қорды қалыптастыру арқылы түрлі салаларда қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз ете алады;

2) сөздік қорын қалыптасыру арқылы арнайы оқу үшін әзірленген мәтінді, көркем шығармалардан берілген үзінділерді, газет-журнал материалдарын оқып-түсінуін қамтамасыз ете алады;

3) сөздік қорды қалыптастыру арқылы ауызша сөйлеуде қолдана алады. Лексикалық құзырет мазмұны, ол: жекелеген актив сөздер, тұрақты және еркін тіркестер, қанатты сөздер, грамматикалық категориялар (барлық сөз таптары). Лексикалық дағды негізінен тақырыптар аясында берілетін мәтіндер арқылы қалыптастады. Мәтін – оқу бірлігі. Мәтін – сөйлеу әрекетінің (жүзеге асыру және нәтижеге жету) өнімі немесе мәтін – сөйлеудегі орындалатын қара сөз. Мәтінді (өзгетілдегі) қабылдап және оның мазмұнын түсіну үшін біріншіден, актив сөздер арқылы ойды беретін сөйлемдерді табады; екіншіден, сөз тіркестерін ұғу қажеттігі алға шығады; үшіншіден, жеке сөйлемдерді қабылау әрекеті жүзеге асады; төртіншіден, мәтіннің жалпы мағынасын түсінуге әрекет жасайды; бесіншіден, ақпаратты алу және бағалаумен айқындалады.

Оқу үдерісіндегі ұсынылатын мәтіндер оқушының қатысымдық-танымдық қызығушылығын тудыратындай құрастырылуы керек. Мұндай мәтіндер мазмұны қызықты ақпаратқа толы және өзге мәдениетті тануға көмектеседі. Мәтіндер құрылымы:

1. Қарапайым деңгейде шағын өлеңдер қысқа әңгімелер, хат үлгілері, балалар журналынан үзінділер, теледидар бағдарламасы, ел картасы және т.б.

2. Орта және базалық деңгейлерде жоғарыда көрсетілген мәтіндер кеңейтіледі (дүкен, базар маңдайшалары жазуы, тауардың бағасы көрсетілген этикеттер, жол жүру кестелері, қала көшелері және т.б.).

3. Жоғары деңгейде жарнамалар, газет-журнал мәтіндері, ұлттық арналар, ел тарихы, ресми даталар және т.б.

4. Ең жоғары деңгейде (еркін сөйлеу деңгейінде мәтіндер кеңейтіліп, елтанымдық, мәдениеттанымдық санаттағы жарияланымдар, түпнұсқалық мәтіндер таныстырылады.

Мәтінмен жұмыс жасау жолдары:

1. Мәтінге дейінгі кезең: (Сөздерді таныстыру. Танымдық сұрақтар беру. Лексикалық дайындық. Сұраққа жауап іздеу.

2. Мәтін кезеңі: (Сөздердің мағынасын түсіндіру. Лексиканы суретпен сәйкестендіру. Мәтін обзацтарына ат қою. Негізгі идеяны табу).

3. Мәтіннен кейінгі кезең: Сұрақтар беру. Әңгімелеу. Үшінші адам атынан баяндау. Сұхбат құру. Пікірталас ұйымдастыру.

Осы жасалатын жұмыстар білім алушының сөздік қорын байытып лексикалық бірліктерді білумен (сөздің мағынасын түсіндіру) бекіту (белсендіру) сөздерді түрлі жағдаятта қолдана білумен танылады. Бұл жағдай түрлі жаттығулар мен тапсырмалардың орындау барысында жүзеге асырылады.

Жоғарыда берілген оқу сауаттылығы деңгейлерін басшылыққа ала отырып мәтіндерге тапсырма құрастырылса, білім алушының ізденуіне, өздігінен жол тауып, жасаған жұмысына деген қанағаттану сезімін тудыру оқуға қызықтырудың бір жолы болмақ.

Білім алушының біліміндегі олқылықтарды жоғарыда айтылған жолдармен шешуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Емтихан қорытындылары бойынша дайындалған әдістемелік ұсынымдамада білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес меңгергендіктерін бағалау мақсатында 5-8, 10-сыныптарда өткізілген емтиханның нәтижесін талдау, қорытындысы бойынша олқылықтардың орнын толтыру жолдары талданып берілді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және өзге тілде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінен емтихан нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

Жинақта емтихан нәтижелері негізінде ұсыныстар берілді, бұл педагогтарға білім алушылардың білім деңгейін бағалауда, әрі қарайғы оқу процесін жақсартуда үлкен көмек көрсетеді.

Әдістемелік жинақта білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар анықталып, соларды жақсартуға арналған нақты әдістемелік кеңестер ұсынылды. Атап айтсақ емтихан тапсырмаларын дайындау барысында оқу мақсаттарын дұрыс алу және білім алушының сол оқу мақсаттарын түсініп, дұрыс жауап беруі үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысы көрсетілді. Білім алушылардың пән бойынша жыл бойы игерген білімдерін дұрыс көрсете алулары үшін дайындалатын тапсырмалардың сөйлем құрылымы мен стильдік жағы да ескерілуі керек екені де ұсыным түрінде берілді.

Бұл ұсыныстар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту сапасын жоғары деңгейге көтеруге септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, жинақ қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша білім беру сапасын жақсартуға бағытталған құрал болып табылады және білім беру саласында қызмет ететін мамандарға, әсіресе мұғалімдерге үлкен пайдасын тигізеді.

ҰСЫНЫС:

Өткен 2023/2024 оқу жылындағы аралық емтиханды талдай келе, педагогтерге жеңіл болу, уақыт үнемдеу және әр үш жылда өткізілетін халықаралық PISA зерттеулеріндегі төмен нәтиже ескеріле отырып, емтихан форматын төмендегідей өзгертілсе «Қазақ тілі» пәні бойынша: айтылым, жазылым дағдыларына тапсырмалар құрастырылып, бағалау осыған сай дайындалса. Айтылым дағдысы бойынша берілген мәтінге жазылым дағдысын дамыту үшін ашық сұрақ, жабық сұрақтар дайындалады. Егер білім алушы мәтінді мұқият оқыса, жазылым тапсырмаларын орындай алады.

ҮЛГІ

Емтихан мазмұны:

«Қазақ тілі» пәні бойынша:

2) оқылым

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	10-сынып ҚГБ	10-сынып- ЖМБ
6. Оқылым стратегияларын қолдану	5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу	6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу		
6. Оқылым стратегияларын қолдану					10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу	

3) жазылым:

	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Жоспар құру	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын	6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып,	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру	9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және

	қарапайым жоспар құру	қарапайым жоспар құру			жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру
2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктерін е сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу	9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру
3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесі сипаттап жазу	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу

4) әдеби тіл нормаларын сақтау:

1. Орфографиялық норма	5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесі ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
------------------------	---	---	--	---	--

2. Орфоэ пиялық норма	5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтары на сәйкес айта білу	6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану	7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	-
3. Лексик алық норма	5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктерін е сай қолдану	6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	7.4.3.1 фразеологизм, мақал- мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану	8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану	9.4.3.1 стильдік ерекшелікте рге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу
4. Грамма тика лық норма	5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; 5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану; 5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану; 6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; 6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну. 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану; 7.4.4.4 одағай түрлерін	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш	9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдерді ң мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдерді ң мағыналық түрлерін ажырата

	көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу; 5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу; 5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру	ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану	ажырата білу, қолдану; 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	мүшелерді қолдана білу; 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану	білу, түрлендіріп қолдану; 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану
5. Пунктуациялық норма	5.4.5.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану	6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану	8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану	9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану

5-сынып

Қазақ тілі

Ертегі оқып отырған Айғаным бір сөзді түсінбей қалды. Дауыстап қайталап оқыды. «...Тұмсығына ат тұяғы тиген қасқыр мұрттай ұшты». Айғаным «мұрттай ұшты, мұрттай ұшты...» деп ішінен қайталады. Бәрібір түсінер емес. Айғаным кітабын көтеріп, атасына барды.

– Ата, «мұрттай ұшты» деген не?

– «Мұрттай ұшты» дейсің бе? «Мұрттай ұшты» деп жалп етіп, ұшып түскенді айтады, – деді атасы. – Кейде «қалпақтай ұшты» дейді. Айтпақшы, «мұрттай ұштының» тағы бір мағынасы бар. Аяқ астынан қатты ауырып қалғанда да «мұрттай ұшты» дейді.

–Түсіндім! – деді Айғаным. – Бірақ неге жай ұшпай, «мұрттай ұшады?»

– Енді мына қызықты қара. «Алмұрт» – негізінде парсының сөзі. Парсылар бұл тәтті жемісті «муруд» деп атайды. Біздің тілімізге енгенде сәл өзгеріске ұшырап, алдына «ал» қосылған. Сөйтіп, «алмұртқа» айналған. Демек, «мұрттай ұшу» деген – «сабағынан үзілген алмұрттай ұшып түсу» деген сөз. Балам, халқымыз «Тілін білмеген түбін білмейді» дейді. Ана тіліндегі әр сөздің мағынасын түсініп алуға деген талабыңа нұр жаусын! – деді атасы.

Сөздің мәнін ұғып алған Айғаным өз бөлмесіне асықты. Орта жолдан үзілген ертегіні жалғастырып, тезірек аяғына жетпекші.

«Балдырған»

журналы, №4, 2019

1. Мәтінге сай тақырыпты таңдаңыз.

[1 балл]

- A) Қызықты ертегі*
- B) Сөздің мәні*
- C) Аттың тұяғы*
- D) Тәтті алмұрт*

2. Мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған сөзді табыңыз.

[1 балл]

- A) дауыстап оқыды*
- B) бөлмесіне асықты*
- C) ауырып қалғанда*
- D) аяқ астынан*

3. Мәтінде екі мағынасы түсіндірілген тіркесті ажыратыңыз.

[1 балл]

- A) мұрттай ұшты*
- B) үзілген ертегі*
- C) жалп етіп, ұшып түскен*
- D) оқып отырған*

4. Айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар сөзді табыңыз.

[1 балл]

- A) ат*
- B) тұяғы*
- C) қасқыр*
- D) мәні*

5. Ертегіден алынған сөйлемді табыңыз.

[1 балл]

- A) Парсылар бұл жемісті «муруд» деп атайды.*
- B) Тұмсығына ат тұяғы тиген қасқыр мұрттай ұшты.*
- C) Біздің тілімізге енгенде алдына «ал» қосылған.*
- D) Сабағынан үзілген алмұрттай ұшып түсті.*

6. Бірыңғай езулік дауысты дыбыстардан жасалған сөзді табыңыз.

[1 балл]

A) қалпақтай B) түсінер C) мұрттай D) оқыды

7. «Тұмсығына» сөзінде ықпалдың қай түрі бар?

[1 балл]

A) ілгерінді B) кейінді C) тоғыспалы D) буын үндестігі

8. Буынға дұрыс бөлінген сөзді көрсетіңіз.

[1 балл]

A) ұш-ып B) тез-і-рек C) түс-ін-ер D) да-уыс-тап

9. «Тұяғы, сабағы, аяғы» сөздеріне ортақ ерекшелікті анықтаңыз.

[1 балл]

A) сөздердің барлығы екі буыннан жасалған
B) түбір мен жалғау арасында кейінді ықпал бар
C) сөздер үнді дауыссыз дыбыстардан құралған
D) түбір мен жалғау арасында ілгерінді ықпал бар

10. Мәтін бойынша берілген дұрыс ақпаратты табыңыз.

[1 балл]

A) Айғаным жаңылтпаштың мағынасын түсінбеді
B) Атасы сөздің екі мағынасын түсіндірді
C) Айғанымның атасы аяқ астынан ауырып қалды
D) Сөздің мәнін ұққан қыз ойынға асықты

11. Біздің тілімізге енгенде сәл өзгеріске ұшыраған. Сөйлемде септік жалғаулары жалғанған сөз санын анықтаңыз.

[1 балл]

A) 1 B) 2 C) 3 D) 4

12. Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

[1 балл]

A) Ертегі кейіпкерлері – ат пен қасқыр
B) Айғанымның атасының жеміс бағы бар
C) Айғанымның түсінбеген сөзі көп
D) Айғаным сөздің мәнін атасынан сұрады

13. Дыбысталуды бірдей болғанымен, мағыналары әртүрлі сөздерді табыңыз.

[1 балл]

A) ертегіні оқыды – ертегіні жалғастырды
B) сабағынан үзілген – сабағына келді
C) мағынасы бар – мағынасын түсінді

D) атасына барды – атасынан сұрады

14. Мәтінде жауабы жоқ сұрақты ажыратыңыз.

[1 балл]

- A) Ертегідегі ат неліктен мұрттай ұшты?
- B) Айғанымның атасының алмұрт бағы үлкен бе?
- C) «Мұрттай ұшу» алмұрт жемісіне орай айтылған ба?
- D) Айғанымға өлеңнің қай сөзі түсініксіз болды?

15. Мәтінде қолданылған буын үндестігіне бағынбайтын сөзді табыңыз.

[1 балл]

- A) кітап
- B) газет
- C) мұғалім
- D) емхана

16. Мәтіндегі мағынасы жақын сөздерді ажыратыңыз.

[1 балл]

- A) мұрттай ұшты, жай ұшты
- B) мұрттай ұшты, орамалдай ұшты
- C) мұрттай ұшты, қалпақтай ұшты
- D) мұрттай ұшты, қалықтап ұшты

17. Қай сөзде дыбыс пен әріп саны бірдей емес?

[1 балл]

- A) қатты
- B) парсы
- C) бөлме
- D) аяқ

18. Тура мағыналы сөзді табыңыз.

[1 балл]

- A) аяқ астынан
- B) түсінер емес
- C) қалпақтай ұшты
- D) мұрттай ұшты

19. Мәтіндегі Айғанымның бойындағы үлгі болар қасиетін анықтаңыз.

[1 балл]

- A) кітап оқуға қызығушылығы
- B) өтірік айтпайтын адалдығы
- C) бауырларына қамқорлығы
- D) кесте тігу шеберлігі

20. Берілген мәтін түрін ажыратыңыз.

[1 балл]

- A) суреттеу мәтіні
- B) әңгімелеу мәтіні
- C) пайымдау мәтіні
- D) сипаттау мәтіні

21. Мәтіндегі Айғанымның атасы қандай адам екен? Сұраққа 2 сөйлеммен жауап жазыңыз. [2 балл]

22. Мәтінде ауыспалы мағынада берілген сөздерді теріп жазыңыз. Бұл сөздердің мағынасын қалай түсіндіңіз?

[3 балл]

1. _____

2. _____

3. _____

24. Мәтіндегі Айғанымның бойындағы балаларға үлгі болар қасиетін анықтап жазыңыз. [2 балл]

25. Мәтіндегі «Тілін білмеген түбін білмейді» деген мақалдың мағынасын қалай түсіндіңіз, жазыңыз.

[3 балл]

Аралық емтихан бойынша бағалау (5 – 8, 10-сынып)		
Барлық балл саны – 30 балл		
Бағалау баллдарының пайыздық мазмұны	Бағалау көрсеткіші	Баға
0-39%	Қанағаттанарлықсыз	«2»
40-64%	Қанағаттанарлық	«3»
65-84%	Жақсы	«4»
85-100%	Өте жақсы	«5»

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.. <https://adilet.zan.kz/>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/>
3. Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 24 б.
4. «PISA-2022 зерттеу нәтижелерінің өңірлік талдамасы» Талдамалық жазбалар– Астана қ.: Қазақстан «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2024 ж., 348 бет
5. Республика бойынша әр аймақ есептері.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе _____	3
1. «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінен емтихан нәтижелерін талдау _____	4
1.1 Қызылорда қаласы _____	19
1.2 Павлодар облысы _____	26
1.3 Ақмола облысы _____	32
1.4 Алматы қаласы _____	39
1.5 Шымкент қаласы _____	45
1.6 Ақтөбе облысы _____	52
1.7 Абай облысы _____	58
1.8 Атырау облысы _____	63
Аймақтар бойынша білім сапасының көрсеткіші _____	65
2. «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінен емтихан нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар _____	66
Қорытынды _____	77
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі _____	78

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ «ҚАЗАҚ ТІЛІ»
ЖӘНЕ ӨЗГЕ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ОҚУ ПӘНДЕРІНЕН ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
Әдістемелік ұсынымдар**

Басуға 30.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 5.